




### ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Король Х Фредерикті Дания Корольдігінің ұлттық мерекесі – Конституция күнімен құттықтады.



Қазақстан Президенті аталған мереке Дания халқы үшін демократиялық құндылықтардың, қоғамдық келісімнің және орнықты дамудың символы ретінде ерекше маңызға ие екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы достық пен өзара қолдау рухындағы қазақ-дат байланыстары одан әрі нығая беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Король Х Фредериктің жауапты мемлекеттік қызметіне толайым табыс, ал достас Дания халқына бақ-береке тіледі.

### ҚОСАРЛАНҒАН РАҚЫМШЫЛЫҚ: ІЗГІЛІККЕ ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ



Мемлекет басшысы биыл 17 наурызда жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндірмейтін бір-қатар қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылық бойынша рақымшылық өткізілетінін жариялаған болатын. Мұндай шешім Ата заңдағы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселесіне ерекше мән берілгеніне байланысты қабылданды деп ойлаймын.

## ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ҚОҒАМ ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әкімшілік әділет және оның құқық үстемдігін қамтамасыз ету ісіндегі рөлі» атты халықаралық форумға қатысып, сөз сөйледі.

– Құрметті форумға қатысушылар! Ең алдымен, баршаңызды алқалы жиынның ашылуымен құттықтаймын! Қадірлі меймандарға осы форумға арнайы келгендері үшін алғыс айтамын. Сіз-

дерді Астана төрінде көргеніме ризамын. Жаңа ғана форум тақырыбы бойынша өзекті ойлар мен құнды пікірлер айтылды. Алдағы уақытта Үкімет бұл жұмысты міндетті түрде назарда ұстайды. Шын

мәнінде, бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша.

Мемлекет пен қоғам тұтастығын нығайту – Қазақстан үшін алдыңғы қатардағы міндеттің бірі. Еліміз тұрақты дамуы үшін халық пен билік арасында өзара сенім және келісім болуы керек. Бұл – мызғымас қағида. Бірақ мұндай келісім өздігінен пайда болмайтыны анық. Қоғамдық келісім, бұл – көпқырлы табанды жұмыстың нәтижесі. Сондықтан мен Президент ретінде осы өте өзекті мәселеге баса мән беремін.

Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыра бастадық. Ашық диалог жүргізу, азаматтардың мұң-мұқтажын ескеріп, арыз-шағымына дер кезінде жауап беру елдегі түбегейлі өзгерістердің өзегі саналады. Осы маңызды жұмысқа биліктің әр деңгейдегі өкілдері, соның ішінде министрлер, әкімдер, депутаттар белсенді түрде қатысуы керек. Бұл – мемлекеттік қызметшілердің конституциялық міндеті, – деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

## МИКРОҚАРЖЫ РЕФОРМАСЫ: ҚАРЫЗ бен ПАРЫЗ АРАСЫ

Бұл ұйымдар бұқараны емес, негізінен бизнесті қаржыландырудан көбірек табыс табады екен. Өткен жылы олар 3,1 трлн теңге қарыз үлестірген. Оның ішінде 56,6%-ы – бизнес субъектілеріне берілген микрокредит, тек 43,4%-ы – халықтың сұрап алған берешегі. Бұл ретте кәсіпкерлерге таратылған микрокредиттер былтыр бірден 7,4%-ға өсті.

→ 5



## ИСЛАМ ИПОТЕКАСЫ НАРЫҚ АҒЫСЫНА ІЛЕСЕ МЕ?



Көпшілік ислам қаржысын тек мұсылман елдеріне тән жүйе деп қабылдайды. Алайда қазір бұл – әлемдік қаржы нарығындағы ең жылдам дамып келе жатқан секторлардың бірі. Исламдық қаржы қызметтері кеңесінің (IFSB) мәліметіне сәйкес, әлемдегі исламдық қаржы активтерінің жалпы көлемі 4 триллион доллардан асты. Бұл көрсеткіш кейінгі он жыл ішінде бірнеше есеге өскен.

→ 6

## АҚОРДА

6 MAУСЫМ 2026 | СЕНБІ

# ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ҚОҒАМ ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, кейінгі жылдары мемлекетіміз аса ауқымды құқықтық және қоғамдық жаңғыру жолына түсті. Елімізде жаңа саяси мәдениет қалыптаса бастады.

– Біз өркениетті ел ретінде Заң мен тәртіп қағидатын ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналдыруымыз керек. Барша азаматтарға, әсіресе жастарға заңды құрметтеу, заңға бағыну қажет екенін қарапайым тілмен жан-жақты түсіндірген жөн. Заңды қадірлеу, тәртіпті қолдау, бұл – әр адамның жарқын өміріне жол ашатын маңызды шарт.

Жалпыұлттық референдумда қабылданған жаңа Конституциямызда осы негізгі қағидат туралы анық жазылды. Қазақстанның Бас құжаты – барша азаматқа тең мүмкіндік беретін әділетті қоғамның мызғымас тұғыры. Адам және оның өмірі – еліміздің Ата заңына арқау болған басты құндылық, – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

## ХАЛЫҚ ҚАЛАУЫНАН ТУҒАН ҚҰНДЫЛЫҚ

Президент Конституцияда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, заң үстемдігін қамтамасыз ету, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту мемлекеттің басты міндеттері ретінде айқындалғанын жеткізді. Түптеп келгенде, жаңа тұрпатты ел болу жолындағы әрбір реформа, ең алдымен, халықтың қалауымен, жұртшылықтың тікелей қолдауымен жасалады.

– Әрине, мұның барлығы бір сәтте жүзеге аспайтыны белгілі. Өздеріңізге мәлім, мен 2019 жылы әкімшілік әділеттің жаңа үлгісін қабылдау қажеттігі жөнінде айттым. Бұл азаматтарымызды және кәсіпкерлерді билік өкілдерінің заңсыз әрекеттерінен қорғау үшін жасалған аса маңызды қадам болды. Ал 2021 жылы елімізде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс күшіне енді.

Мемлекет пен қоғам арасындағы байланысқа тын серпін берген «e-Өтініш» онлайн платформасы іске қосылды, яғни азаматтардың өтініштерін мейлінше ашық әрі тиімді қарап, жедел шешім қабылдау тәсілі қалыптасты. Бұдан бөлек, бұл жүйе бюрократиялық кедергілерді азайтуға және жұртшылықтың ой-пікірін ескеруге мол мүмкіндік берді. Осылайша, халық пен билік өкілдерінің қарым-қатынасы мүлде жаңа сипатқа ие болды. Кейінгі бес жыл ішінде мемлекеттік органдарға шамамен 16 миллион өтініштің келіп түсуі – соның айқын көрінісі, – деп мәлімдеді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Мемлекет басшысы сондай-ақ еліміздегі сот тәжірибесі үшін де бетбұрыс кезеңі басталғанын атап өтті.

– Ашығын айтуымыз керек, бұған дейін азаматтар үшін мемлекеттік органдардың шешімдеріне және әрекеттеріне шағымдану, яғни өз құқығын қорғау оңай болмайтын. Әкімшілік әділет жүйесі іске қосылған соң жағдай түбегейлі өзгерді. Ең бастысы, күмән тудыратын мәселелердің бәрі әділетті түрде адал азаматтардың пайдасына шешілетін болды. Ал соттар дәлелдеме жинау жұмысына ерекше мән бере бастады. Бұл – мемлекеттік органдар өздерінің шешімдерін және әрекеттерін заң жүзінде дәлелдеуге міндетті деген сөз. Статистикаға қарайтын болсақ, кейінгі жылдары сот шешімдерінің жартысынан көбі азаматтар мен бизнестің мүддесіне сай шығарылған. Бұл да әкімшілік әділет жүйесінің нақты нәтижесі екені сөзсіз. Осылайша, қоғамымыз «судьялар әрдайым билік өкілдерін жақтайды» деген қасаң пікірден арыла бастады.

Әкімшілік істер бойынша сот тәжірибесі мемлекеттік аппарат жұмысының сапасын айқындайтын сынақ болды. Оның нәтижесі сотқа деген сенімнің арта түскенін көрсетті. Әкімшілік әділет рөлі нығайып келеді. Кейбір азаматтар соттардың шешіміне наразылықтарын білдіріп, өз үміттері ақталмағандарын алға тартады. Бұл бұған дейін де болған, қазір де кездеседі. Мұндай шағымдардың көбі өкпе-ренішке немесе біржақты пікірге құрылады. Бірақ қандай жағдай болса да мұндай пікірлерді тексеріп, әділ шешім қабылдау керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жаңа Конституцияда әкімшілік сот төрелігін сот ісін жүргізудің дербес нысаны ретінде бекітудің маңызы зор. Күн тәртібінде сотқа шағымданудың

қасаң моделін сот ісін жүргізу тәуекелдерін стратегиялық басқаруға ауыстыру қарастырылып отыр. Үкімет қазірдің өзінде тиісті ережелерді әзірлеген.

– Енді орталық және жергілікті деңгейде әкімшілік актілер мен рәсімдердің бірізділігін қамтамасыз ету қажет. Бұрын келіп түскен шағымдар мен өтініштерде қаралған мәселелер қайтадан соттағы дау-дамай нысанасы болмауы керек. Әкімшілік тәжірибенің жүйелілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет. Жария құқықтық сипаттағы дау-дамайды әкімшілік сот төрелігі деңгейіне беру бойынша ауқымды жұмыс атқарылуда. Былтыр бұл қосымша құқықтық-нормативтік актілердің заңдылығын қарайтын істерді қамтыды. Бұған дейін мұндай дау-дамайға қатысты шешім азаматтық іс жүргізу нормаларына сәйкес қабылданып келген.

Осының бәрі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының нақты іс жүзіндегі көрінісі екені күмәнсіз. Еліміз сот жүйесі және құқық қорғау саласындағы түбегейлі реформалармен қатар ауқымды экономикалық өзгерістерді жүзеге асыруда. Мұның мемлекетіміз үшін маңызы айрықша, – деді Мемлекет басшысы.

## КЕЛІСІМ – КЕЛЕЛІ ЖОЛ

Президенттің сөзінше, іскерлік белсенділікті арттыру мақсатында, соның ішінде инвестициялық дауларды шешу үшін қолайлы құқықтық институтоналдық орта қалыптасуда. Соның арқасында қазір сот шешімдерінің 80 пайызына жуығы инвесторлардың пайдасына шығарылып жатыр.

– Мен отандық және шетелдік инвесторлармен кездесулер кезінде үнемі мына мәселеге айрықша назар аударамын: билік және бизнес өкілдері өзара сындарлы байланыс орнатуы керек, олар өзекті түйткілдерді ашық

талқылап, шешу жолдарын бірлесіп іздеуі қажет.

Билікте отырған лауазымды тұлғаларға тапсырмам: әр даулы жағдайда мәмілеге келетін жолды іздеу керек, бірақ бұл жол заңнама жүйесіне нұқсан келтірмеуі қажет. Басқа сөзбен айтқанда, әр келісімнің заңдық шектеуі болуға тиіс. Атап айту керек, кассациялық соттарды құру бастамасы дәл осындай жиынның бірінде көтерілген болатын, – деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы осы тұста инвестиция тартудың тағы бір маңызды факторы барын айтты.

– Астана халықаралық қаржы орталығында Сот пен Арбитраж орталығы ағылшын құқығы қағидаттарына сай жұмыс істейді. Елімізде Үкімет жанынан Инвестициялық штаб құрылған. Аталған штаб соңғы уақытта инвестициялық жобаларға қатысты түйткілді мәселелерді жедел шешу арқылы өзінің тиімділігін көрсетті.

Сонымен қатар Президент Жарлығымен Бас Прокуратурада Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды. Біз іскерлік және инвестициялық ахуалды жақсартуға барынша мүдделі мемлекет ретінде осы саладағы жұмысты айрықша назарда ұстаймыз. Қазір Қазақстан шетел инвестициясын тарту көрсеткіші бойынша біздің аймақта көш бастап тұр.

Бірақ босансуға болмайды. Табанды жұмыс істеп, бұдан да биік белестерге ұмтылуымыз керек. Бұған еліміздің әлеуеті толық жетеді. Атап айтқанда, жаңа Конституцияға мемлекетіміздің инвестициялық қуатын күшейтуге арналған нақты нормалар қосылды. Соның ішінде қаржы саласына және «қарқынды дамитын қалаларға» арнаулы құқықтық режим енгізу туралы шешім қабылданды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жақында «Алатау қаласының

арнаулы құқықтық режимі туралы» конституциялық заңға қол қойғанын еске салды. Бұл маңызды құжатта «ақылды қалаға» тән дербес экожүйе қалыптастырудың құқықтық негізі бекітілді.

– Арнайы құқықтық режим мемлекеттік басқару мүмкіндіктерін кеңейтуді, соның ішінде сот жүйесінің ерекше жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Алдыңғы қатарлы реттеу құралдары үздік әлемдік тәжірибені енгізуге, озық инновациялық шешімдерді сынақтан өткізуге және осы бірегей жобаны жүзеге асыру үшін барлық қажетті жағдайды жасауға мүмкіндік береді. Біздің басты мақсатымыз – Алатау қаласын болашақтың цифрлық агломерациясына, жаңа технологияларды тарту орталығына айналдыру. Мемлекет бизнес өкілдерімен ашық, өзара тиімді ынтымақтастыққа дайын.

Біз Заң мен тәртіпке бағынатын, баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құру үшін ауқымды жұмыс атқарып жатырмыз. Сондықтан сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беріп отырмыз.

Бірінші шілдеде еліміздің жаңа Конституциясы күшіне енеді. Осылайша, Қазақстан өз дамуының шешуші кезеңіне қадам басады. Мен бүгін бес конституциялық заңға қол қойдым. Бұл – жаңа Конституцияға сәйкес мемлекеттік басқару жүйесі «Қүшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы негізінде түбегейлі жаңғырады деген сөз. Осы құқықтық реформалар елімізде жасалып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге де тын серпін бермек, – деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Президент Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті әзірлеуге және оның нормаларын жүзеге асыруға ат салысқан барша азаматқа шынайы ризашылығын білдірді.

– Бүгінгі басқосуда әкімшілік әділет институтын нығайтуға қатысты маңызды ойлар мен ұтымды ұсыныстар айтылады деп сенемін. Сондай-ақ мен бүгін Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына және еліміздің заңнамасын жетілдіруге елеулі үлес қосқан бір топ азаматқа мемлекеттік награда беру туралы шешім қабылдадым. Баршаныңа құтты болсын деймін, – деп түйіндеді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Басқосудың соңында Мемлекет басшысы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына және еліміздің заңнамасын жетілдіруге елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградамен марапаттады.

М.ТӨЛЕУ



## ЖАЙЫҚТЫҢ ЖАЙЫН АЙТТЫ

Кеше Атырауда Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасында Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссияның XII отырысы өтті. Жиында қатысушылар Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу аясында Каспий теңізі мен Жайық өзенінің су экожүйелерін орнықты басқару мәселелерін талқылады. Сондай-ақ сенаторлар өңір жұртшылығымен және бірқатар әлеуметтік, өндірістік нысандардың еңбек ұжымдарымен кездесті.

Комиссия отырысында өңірдегі су бассейндерінің экологиялық ахуалына қатысты өзекті мәселелер қозғалды. Сенат Төрағасы ластану деңгейінің артуы, балық қорының азаюы және өңірдің экожүйесіне антропогендік әсердің күшеюі ерекше назар аударуды қажет ететінін атап өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі әлдеқашан өңірлік шеңберден шығып, жаһандық сипат алғанын әрдайым айтып келеді. Осы сын-қатерді еңсеру үшін Қазақстан Каспий теңізінің су ресурстарын сақтау жөніндегі мемлекетаралық бағдарлама әзірлеу бастамашы болды. Мемлекет басшысы су мәселері бойынша халықаралық күн тәртібін ілгерілету мақсатымен Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында Астанада Су проблемаларын талдау орталығын құруды да ұсынды. Сондай-ақ БҰҰ-ның мамандандырылған агенттігі ретінде Халықаралық су ұйымын құру бастамасын көтерді. Жайық өзеніне қатысты мәселе де аса өзекті. Бұл түйткілдерді бір-бірінен бөлек қарастыруға болмайды. Оларды шешу үшін ведомствоаралық үйлестіру, ғылыми негізделген шешімдер, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, сарапшылар қауымдастығының, экологиялық қоғамдық ұйымдардың және халықаралық серіктестердің белсенді атсалысуы қажет», — деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесуде Каспий теңізіне қатысты мәселеде жүйелі тәсілдің жеткіліксіз екені де айтылды. Жайық өзенінің жағалауы мен Маңғыстау облысының атырабы маңында теңіз 30–35 шақырымға дейін шегініп, соның салдарынан топырақтың тұздануы, экожүйелердің тозуы және балықтардың уылдырық шашу орындарының қысқаруы байқалып отыр. Құрамында улы шөгінділері бар шанды

дауылдардың туындау қаупі артып отырғанына да мән берілді. Парламенттік комиссияның Төрағасы Каспий теңізі мен Жайық өзенін сақтау мәселесі ұзақмерзімді экологиялық қауіпсіздіктің, азаматтардың өмір сүру сапасының және бүкіл Каспий маңы өңірінің орнықты дамуының кепілі екенін тілге тиек етіп, Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу жолында мемлекет, ғылым, азаматтық қоғам, бизнес және халықаралық серіктестердің алдағы бірлескен жұмысының негізгі бағыттарын айқындап берді.

Парламенттік комиссияның отырысына Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы, Экология және табиғи ресурстар, Ұлттық экономика министрліктерінің өкілдері қатысты.

Іс-шарада БҰҰ Даму бағдарламасының Қазақстандағы Тұрақты өкілі Катаржина Вавьерниа, су ресурстарын басқару және климаттың өзгеру мәселелері жөніндегі халықаралық сарапшы, Орталық Азия су ресурстарын басқару және климаттың өзгеруі жөніндегі платформаның үйлестірушісі Болат Есекин, өңір әкімдіктерінің басшылығы, қоғамдық және халықаралық ұйымдардың өкілдері баяндама жасады.

Мемлекеттік органдардың өкілдері мен сарапшылар алдағы бірлескен жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұсыныстар мен бастамаларын ортаға салды. Сенат Төрағасы олардың іске асырылу барысы қоғамның және барлық мүдделі тараптың бақылауында болатынын атап өтті.

Мәулен Әшімбаев өңірдің белсенді жастарымен кездесуде жаңа Конституцияның негізгі қағидаттарына тоқталып, оны мем-

лекетті дамытудың және саяси жүйені жан-жақты жаңғыртудың ұзақмерзімді бағытын айқындайтын стратегиялық құжат деп атады. Палата Спикері елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды жаңғыртулар қазіргі сын-қатерлерге жедел жауап бере алатын икемді мемлекеттік жүйе қалыптастыруға мүмкіндік беретінін айтты. Сонымен қатар ол жаңа Ата заңның табысты іске асырылуы жастардың белсенділігіне, біліміне және жауапкершілігіне де байланысты екеніне тоқталды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастама-сымен 15 наурызда республикалық референдум өтті. Нәтижесінде, халық Мемлекет басшысының бастамасын қолдап, еліміздің жаңа Конституциясы қабылданды. Жаңа Ата заң биылғы 1 шілдеден бастап ресми түрде күшіне енеді. Шын мәнінде, бұл — нағыз Халық Конституциясы. Ол Тәуелсіздік, Мемлекеттілік және азаматтардың құқықтары мен мүдделері ең жоғары құндылық саналатын Әділетті Қазақстан құрудың жаңа кезеңіне жол ашты. Бүгінде жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалар мен жаңартылған институционалды ортаның барлығы өскелең ұрпақтың игілігі үшін жасалып отыр. Жаңа Конституция жастарға зор мүмкіндіктер береді әрі үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан жас буын осы реформалардың тарихи маңызын терең түсініп, оны жүзеге асыруға белсенді қатысуы қажет», — деді Сенат Төрағасы.

Мәулен Әшімбаев Әділетті Қазақстан құруда жастардың белсенді рөлі ерекше мәнге ие екенін айтып, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау шараларына және ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын құндылықтарға назар аударды. Оның айтуынша, бұл бағыттағы басты бағдар — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Абайдың «Толық адам» іліміне негізделген «Адал азамат» тұжырымдамасы. Аталған тұжырымдамада еңбекқорлық, адалдық, кәсіби біліктілік, үздіксіз білім алу және отаншылдық әр азамат үшін басты құндылықтар ретінде айқындалған.

Сондай-ақ бүгін Сенат депутаттары «ҚазТурбоРемонт» ЖШС ұжымымен кездесті және мүмкіндігі шектеулі азаматтарды әлеуметтік оңалтуға арналған «Алмалы» орталығының қызметімен танысты.



## МӘЖІЛІС БЮДЖЕТ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІ ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен бюро отырысында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Депутаттар Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Жоғары аудиторлық палатасының 2025 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін талқылайды.

Биыл Үкімет есебі алғаш рет жаңа Бюджет кодексінің талаптары ескере отырып жасалды. Мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан экономикасы 2025 жылы 6,5 пайыз деңгейінде жоғары өсім көрсетті, бастапқы болжам 5,6 пайыз деңгейінде болған. Мұндай нәтижеге мұнай өндірісінің ұлғаюы, инвестициялық белсенділіктің жоғарылығы, ішкі сұраныстың өсуі, сондай-ақ құрылыс, көлік, сауда және өңдеу өнеркәсібінің жедел дамуы есебінен қол жеткізілді. Бұл ретте жаһандағы алмағайып ахуал мен әлемдік нарықтың құбылмалылығы сақталып отырғанына, бюджет жүйесін реттеудің жаңа жағдайларына бейімдеу қажеттілігіне қарамастан, Үкімет бюджет жүйесінің тұрақтылығын, әлеуметтік міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етіп, он макроэкономикалық серпінді сақтап қалды.

Сондай-ақ күн тәртібінде Қазақстан Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы екі елдің елшіліктерінің мұқтажықтары үшін Астана қаласы мен Бішкек

қаласындағы ғимараттар мен жер учаскелерін, сондай-ақ Төтенше және Өкілетті Елшілердің резиденцияларын өзара өтеусіз пайдалануға беру туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын қарау ұсынылады. Келісім нормаларында жеручаскелері мен жылжымайтын мүлікті беру тәртібі мен шарттары айқындалды.

Бұған қоса, екінші оқылымда депутаттар «Қазақстан Республикасындағы келендік реттеу туралы» кодекске енгізілген түзетулерді және экологиялық мәселелер бойынша заңнамалық өзгерістерді қарайды.

Келендік кодексіне енгізілген өзгерістер оның нормаларын Еуразиялық экономикалық одақтың 2023 жылғы 25 желтоқсандағы Келендік кодексі туралы шартқа электрондық сауданы реттеу бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттамаға сәйкес келтіреді.

Депутаттар бастамашы болған Экология мәселесі бойынша түзетулер саланы цифрландыруға, көміртекті офсетті регламенттеуге, қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруге бағытталып отыр. Құжат сонымен қатар Ұлттық гидрометеорологиялық қызметті жаңғыртуды, экологиялық реттеу мен бақылауды жақсартуды, басқа да бірқатар түзетуді көздейді.

## ТЕРЕҢ ӨҢДЕУДЕГІ ТАБЫС

Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Премьер-министр Олжас Бектенов Қузылжар арнайы экономикалық аймағының қызметімен танысты, онда Мемлекет басшысы қойған экономиканы әртараптандыру және өндірістерді локализациялау жөніндегі міндеттерге сәйкес тамақ өнеркәсібі, машина жасау және шикізатты терең өңдеу салаларындағы ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда.

2025 жылдың қорытындысы бойынша, өңірге 609 млрд теңге инвестиция тартылды. Бұл ретте кейінгі екі жылда өңірдің негізгі капиталына инвестициялар көлемі екі есеге жуық өскен. Инвестициялық жобалардың жалпыұлттық пулы шеңберінде СҚО-да 10,3 мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын құра отырып, жалпы сомасы 1,1 трлн теңгеге 64 бастама жүзеге асырылуда.

Қузылжар АЭА — өңірдің өнеркәсіптік өсуінің негізгі орталықтарының бірі. Қазір 8 субаймақта 21 қатысушы өз жобаларын жүзеге асыруда. Олжас Бектенов Қузылжар АЭА-ға бару қорытындысы бойынша жауапты мемлекеттік органдар мен Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне қолданыстағы және әлеуетті инвестициялық жобаларға қолдау көрсетуді тапсырды.

## БАҒДАР

6 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

— Еліміздің тәуелсіз тарихында биыл алғаш рет қылмыстық және әкімшілік рақымшылық қатар жүргізілмек. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Конституцияны қабылдаған кезде айтқан болатын. Президент тапсырмасына сәйкес Парламент қазіргі сессияның соңына дейін тиісті заңды қабылдау керек. Сіздіңше, бұл жолғы рақымшылықтың негізгі мақсат-міндеті және ерекшелігі қандай?

— Мемлекет басшысы биыл 17 наурызда жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндірмейтін бірқатар қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылық бойынша рақымшылық өткізілетінін жариялаған болатын. Мұндай шешім Ата заңдағы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселесіне ерекше мән берілгеніне байланысты қабылданды деп ойлаймын. Онда әрбір азаматтың өмір сүру, білім алу, еңбек ету, сөз бостандығы және заң алдында тең болу құқықтары нақты көрсетіліп, олардың сақталуына мемлекет кепілдік беретіні айқын жазылған. Бұл Конституция адамның қадір-қасиетін жоғары құндылық ретінде танып, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған маңызды құқықтық негіз болып табылады.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған бұл шешім жазалау мен жауапкершілік қағидаттарын сақтай отырып, белгілі бір санаттағы азаматтарға жаңа мүмкіндік беруді қарастырады. Бұл заң жобасының басты ерекшелігі — оның өте селективті болуы. Бұл қоғамдағы әділеттілік сұранысын ескере отырып қабылданған шешім деп бағалауға болады.

Жалпы, рақымшылық институты әлемнің көптеген елінде қолданылады. Ол әдетте мемлекеттік мерейтойлар, саяси реформалар, конституциялық өзгерістер немесе гуманитарлық себептерге байланысты жарияланады.

**Кез келген құқықтық мемлекеттің негізгі міндеті — сотталған адамның да, жәбірленушінің де құқықтарын қорғау. Сондықтан рақымшылық автоматты түрде кінәні кешіру дегенді білдірмейді.**

Мысалы, Италия, Франция, Испания, Ресей, Түркия және бірқатар Латын Америкасы елдерінде әртүрлі кезеңдерде рақымшылық актілері қабылданған. Алайда қазіргі халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттер ауыр қылмыс жасаған адамдарға рақымшылық беруге барған сайын сак қарай бастады. Соңғы жылдары әлемде «жаппай рақымшылықтан» гөрі «мақсатты рақымшылық» үлгісі басым. Яғни, кәмілетке толмағандар, әйелдер, қарттар, бірінші рет қылмыс жасағандар немесе жеңіл қылмыс жасағандар ғана қамтылады. Қазақстандағы қазіргі заң жобасы да осы халықаралық үрдіске сәйкес келеді.

— Рақымшылық қанша адамды қамтиды деп жоспарланған? Алдына ала есептеулер жүргізілді ме?

Мемлекет басшысының қылмыстық саясатты ізгілендіру және халықтың борыштық жүктемесін азайту бағытындағы тапсырмасына сәйкес елімізде алғаш рет қылмыстық және әкімшілік рақымшылық шарасы қатар жүргізілмек. Кезекті гуманистік науқан туралы Мәжіліс депутаты Қайрат Балабиевтен сұрап білдік.



## ҚОСАРЛАНҒАН РАҚЫМШЫЛЫҚ: ІЗГІЛІККЕ ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ

**Қанша адамның босатылуы немесе жаза мерзімі қысқартылуы мүмкін?**

— Алдын ала жүргізілген есепке сәйкес, қылмыстық рақымшылық шаралары шамамен 16,5 мың адамға қатысты қолданылуы мүмкін, соның ішінде колониялар мен өзге де бас бостандығынан айыру орындарынан 1,5 мыңға жуық сотталушы босатылмақ. Бірақ қоғамда жиі кездесетін қате түсінік бар, ол — осы адамдардың бәрі бостандыққа шығады деген пікір. Шын мәнінде, олардың белгілі бір бөлігі ғана толық босатылады. Қалғандарының жазасы қысқартылады немесе жеңілдетіледі. Сондықтан бұл — жаппай босату акциясы емес, жазаны дараландыру механизмі.

Сонымен қатар айтып отырғанымыздай, заң жобасында алғаш рет әкімшілік рақымшылық та қарастырылып отыр. Бұл санатта Қазақстан азаматтары, жеке кәсіпкерлер, жеке нота-

летке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар, азаптау фактілері, қайталама қылмыс жасағандар, қоғамға жоғары қауіп төндіретін қылмыстар, жақында қылмыс санатына енгізілген құқықбұзушылықтар, сырттай сотталған азаматтар бар. Тағы бір нақты атап айту керек мәселе, әрбір сотталғанға қатысты түпкілікті шешімді сот жеке тәртіппен қабылдайды. Сонымен бірге жергілікті атқарушы органдарға бостандыққа шығатын азаматтарды әлеуметтік бейімдеу және қоғамға қайта кіріктіру бойынша міндеттер жүктеледі.

Ал сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша сотталғандарға рақымшылықтың қарастырылмағанын қолдаймын. Бұл — өте дұрыс шешім. Мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, Қазақстан соңғы жылдары жемқорлықпен күресті мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының біріне айналдырды. Екіншіден, жемқорлық қылмыстары қоғамның мемлекетке деген сеніміне тікелей зиян келтіреді. Үшіншіден, егер мұндай адамдар рақымшылыққа ілінсе, бұл қоғамда «жемқорлық үшін жауапкершілік әлсіреп жатыр» деген түсінік қалыптастыруы мүмкін. Сондықтан бұл жерде саяси сигнал өте анық, мемлекет жемқорлыққа қатысты ымырасыз саясаттан бас тартпайтынының дәлелі деуге болады.

— Алдын ала есептеулер бойынша, 15 мыңға жуық адам рақымшылыққа ілігеді деп жоспарланған екен. Дегенмен бұл адамдар кезінде түрлі қылмыс жасап, заң бұзғаны рас. Енді оларға мемлекет тарапынан рақымшылық жасалуы зардап шеккендердің мүддесіне қайшы емес пе?

— Кез келген құқықтық мемлекеттің негізгі міндеті — сотталған адамның да, жәбірленушінің де құқықтарын қорғау. Сондықтан рақымшылық автоматты түрде кінәні кешіру дегенді білдірмейді. Көп жағдайда кел-

тірілген материалдық шығын өтелуі немесе өтелу тәртібі сақталуы қажет. Жәбірленушілердің азаматтық талаптары өз күшін жоғалтпайды. Яғни, рақымшылық қылмыстық жазаны жеңілдетуі мүмкін, бірақ келтірілген залал үшін жауапкершілікті жоймайды. Дегенмен кез келген рақымшылық белгілі бір тәуекелдерді қамтитынын ескеру керек. Қоғамдық қауіпсіздік тұрғысынан алғанда, негізгі қауіп — рецидив, яғни қайта қылмыс жасау мүмкіндігі. Алайда халықаралық зерттеулер көрсеткендей, ұзақ уақыт түзеу мекемесінде болып, кейін қоғамнан оқшауланған адамдардың қайта бейімделуі күрделі мәселе болып саналады. Сондықтан мемлекеттің міндеті — тек босату емес, кейінгі бақылау мен қолдауды ұйымдастыру. Қауіптің деңгейі негізінен пробация жүйесінің тиімділігіне байланысты болады.

— Ал мемлекет үшін тиімді тұстары қандай? Жалпы, рақымшылық еліміздің қылмыспен күрес саясатына қайшы келмей ме?

— Мұндай шешім кейде түзеу мекемелеріндегі адам санын азайтуға жасалған қадам секілді көрінуі мүмкін. Иә, түзеу мекемелеріндегі жүктеме төмендеуі, қызметкерлердің жұмысы жеңілдеуі, медициналық және әлеуметтік қызметтердің сапасы артуы секілді қолайлы тұстары бар. Сондықтан рақымшылық белгілі бір дәрежеде пенитенциарлық жүйені онтайландыру құралы ретінде де қарастырылады. Алайда экономикалық тиімділік бұл заңның негізгі мақсаты емес. Басты мақсат — түзелуге мүмкіндік беру және әлеуметтік қайта бейімдеуді қамтамасыз ету.

Бір қарағанда, рақымшылық жазалау қағидатына қайшы көрінуі мүмкін. Алайда құқықтық теорияда жазаның мақсаты тек жазалау емес. Оның ішінде әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамды түзеу, жаңа қылмыстардың алдын алу міндеттері бар.

Егер адам қоғамға қауіп төндірмейтін деңгейге жетсе және түзелуге бейімделсе, оған қосымша мүмкіндік беру қылмыспен күрес саясатына қайшы емес. Керісінше, көптеген сарапшылар тиімді қылмыстық саясат тек қатаң жазалауға емес, қайта әлеуметтендіруге де сүйенуі керек деп есептейді.

— Сіздіңше, рақымшылық әділеттілік пен ізгілік қағидаттарының арасындағы тепе-теңдікті сақтай ала ма? Бостандыққа шыққан адамдарды қоғамға бейімдеу жұмыстары қалай жүргізіледі?

— Бұл — рақымшылық тәжірибесіндегі ең күрделі сұрақтың бірі. Бір жағынан, қоғам қылмыс жасаған адамның жазаланғанын қалайды. Бұл — әділеттілік қағидаты. Екінші жағынан, мемлекет адамның түзелу мүмкіндігін де жоққа шығармауы керек. Бұл — гуманизм қағидаты. Қазіргі заң жобасы дәл осы екі қағидаттың ортасынан жол табуға тырысады. Өйткені қоғамға аса қауіпті адамдар рақымшылыққа жатпайды, ал қауіптілігі төмен санаттағы адамдарға екінші мүмкіндік беріледі. Сондықтан бұл заңды әділеттілік пен ізгіліктің арасындағы ымыра ретінде бағалауға болады.

Егер адам түрмеден шығып, жұмыссыз қалса немесе әлеуметтік қолдау көрмесе, қайта қылмыс жасау қаупі артады. Сондықтан жұмыспен қамту орталықтары, пробация қызметі, әкімдіктер және әлеуметтік қорғау органдары бірлесіп жұмыс істеуі қажет. Сарапшылардың пікірінше, рақымшылықтың табысы босатылған адамдардың санына емес, олардың қоғамға қаншалықты сәтті бейімделгеніне байланысты бағаланады.

— Тәуелсіздік жылдары бұған дейін он рет рақымшылық жүргізіліпті. Жалпы, тәжірибеде бостандыққа шыққандардың қайта қылмыс жасау статистикасы бар ма? Егер адам бұрынғы қателігін қайталап, қылмыс жасаса, олар қалай жазаланады?

— Рақымшылыққа ілінгендердің, менің білуімше, басым көпшілігі қайтадан қылмыс жасамайды. Дегенмен рецидив толық жойылған жоқ. Бұл жерде маңызды мәселе — рақымшылықтың өзі емес, босатылған адамның кейінгі тағдыры. Егер адам жұмыспен қамтылса, әлеуметтік байланыстары сақталса және пробациялық бақылау дұрыс ұйымдастырылса, қайта қылмыс жасау ықтималдығы айтарлықтай төмендейді. Сондықтан қазіргі кезде көптеген елдер рақымшылықты әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларымен қатар жүргізеді. Біріншіден, мемлекет азаматтардың түзелу мүмкіндігіне сенетінін көрсетеді. Екіншіден, қылмыстық саясаттың тек жазалауға емес, қайта тәрбиелеуге де бағытталғанын аңғартады. Үшіншіден, ауыр қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қатысты қатаң ұстаным сақталатынын білдіреді. Саяси тұрғыдан алғанда бұл мемлекет пен қоғам арасындағы сенім қатынастарын нығайтуға бағытталған қадам ретінде бағалануы мүмкін.

Сұхбаттасқан  
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

## МӘСЕЛЕ

6 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

**М**икроқаржы ұйымдарына қатысты ауқымды бетбұрыс басталды. Үкімет бұл нарықты қатаңырақ реттеп, қадағалауды күшейтер шаралар кешенін қолға алды. МҚҰ-лар әдетте, халықты қарызға батыратын «қанаушы» ретінде біржақты сыналады. Бірақ ауылдағы бизнесті қолдайтыны да, банкирлер менсінбей теріс айналатын шалғайдағы шаруаның жалғыз үміті де негізінен солар. Сарапшылар микроқаржы ұйымдарына депозит қабылдау құқығын беруді ұсынды. Мұндай шешім қаржы нарығын дамытуға серпін бе, әлде жаңа тәуекел ме?

ІРІЛЕНГЕН АКТИВ,  
ІРІКТЕЛГЕН «ЛИГА»

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің есебінде айтылғандай, 2026 жылдың басында микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың (МҚЖҰ) активтері 2,2%-ға ұлғайып, 3,5 трлн теңгеге жетті. 2025 жыл қорытындысындағы өсімі де қомақты: 17,2%. МҚЖҰ активтерінің құрылымында ең көп үлес микроқаржы ұйымдарына (1,7 трлн немесе 47,4%), кредиттік серіктестіктерге (1,3 трлн немесе 36%), ломбардтарға (0,6 трлн теңге немесе 16,5%) тиесілі. Саланың қарқынды дамуы арқасында былтыр 2 микроқаржы ұйымы банкке айналып, «жоғарғы лигаға» ауысты.

Бұл ұйымдар бұқараны емес, негізінен бизнесті қаржыландырудан көбірек табыс табады екен. Өткен жылы олар 3,1 трлн теңге қарыз үлестірген. Оның ішінде 56,6%-ы – бизнес субъектілеріне берілген микрокредит, тек 43,4%-ы – халықтың сұрап алған берешегі. Бұл ретте кәсіпкерлерге таратылған микрокредиттер былтыр бірден 7,4%-ға өсті.

Банктерден айырмашылығы, бұл ұйымдар қаражаттан тарығып жүгінген кәсіпорындар мен қарапайым адамдардан негізінен қымбат кепілзат талап етпейді. Бұл бизнес сенімге құрылған көрінеді: 90-шы жылдары қалтасында тиын қалмаған тұтынушы ауыл дүкенінде: «Менің атыма жаза салшы, жалақы алғанда берермін!» дейтін болса, бүгінде ауыл тұрғындары сауда орнынан тауар алуға шамасы жетпесе: «Менің атыма рәсімдей салшы!» дейтін болды. Бір ғажабы, халық пен бизнес келесі жолы қиын жағдайға тап болғанда, микрозаем арқылы тығырықтан шығуға мүмкіндігі болуы үшін алған қарзын уақытылы қайтарып отыруға тырысады екен. Қаржылық реттеушінің ресми дерегінше, төлем төлеу тоқтатылғанына 90 күннен асып кеткен проблемалы несиелердің (NPL90+) МҚЖҰ портфеліндегі үлесі небары 3,9%-ды құрайды. 2025 жылы – 4,6% болған. Соның ішінде жеке тұлғалардың үш айдан көп қайтармай жүрген берешегінің үлесі жалпы портфельдің 5%-ына дейін төмендеген (2025 жылы – 6,3%).

Жалпы, бұл табысты сала: МҚЖҰ-ның меншікті капиталы 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1,3 трлн теңгені құрады.

САЛАДА «ҮШ ҚОРҒАНЫС ЖЕЛІСІ»  
ТҮЗІЛЕДІ

Міне, осы микроқаржыландыру секторында реформа басталды. 2026 жылғы 19 наурызда күшіне енген қаржы нарығын, оның ішінде микроқаржы секторын одан әрі дамытуға және реттеуге бағытталған жаңа заң осы өзгерістердің іргетасын қалады. Қаржы нарығын реттеу агенттігінің Банктік емес ұйымдарды реттеу департаментінің директоры Нұржан Бидайбектің

# МИКРОҚАРЖЫ РЕФОРМАСЫ: ҚАРЫЗ БЕН ПАРЫЗ АРАСЫ



түсіндіруінше, негізгі жаңалықтардың бірі – тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу арқылы микроқаржы ұйымдарына қадағалауды күшейту.

– Біз бұдан былай «3 қорғаныс желісі» атты жаңа модельге өтеміз. Оның аясында бизнес бөлімшелер, тәуелсіз тәуекел-менеджменті мен комплаенс, сондай-ақ ішкі аудит бөлімшелері арасындағы функциялар мен жауапкершіліктің ара-жігі нақты ажыратылады. Бұған дейін олар тонның ішкі бауындай араласып кететін немесе басшылық бірінің міндетін атқаруды екіншісіне жүктей салатын. Жаңа модель ұйымдардағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау сапасын арттыруға мүмкіндік береді, – деді департамент директоры.

Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. Ең алдымен, 2026 жылғы 1 шілдеден бастап тиісті талаптар қарыз беру үшін өзі қарыз алатын, яғни міндеттемелерінің құрылымында сырттан тартылған қаражаты басым микроқаржы ұйымдарына қатысты қолданыла бастайды. Ал 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап талаптар нарықтың барлық басқа қатысушыларына таратылады. Бұл тәсіл сектордың жаңа талаптарға біртіндеп бейімделуін және тәуекелдерді басқарудың тиімді процестерін құру үшін қажетті құзыреттерді қалыптастыруын қамтамасыз етеді.

Нұржан Бидайбектің айтуынша, саладағы «өзімбілемдікпен» күрес басталды: МҚҰ басқарушы құрамының, бастықтарының жауапкершілігін арттыру үшін олардың басшы қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары күшейтіледі. Қаржы саласындағы жұмыс өтіліне қойылатын талаптар белгіленді.

«Азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту мақсатында микроқаржыландыру нарығының лицензиядан айырылған субъектілері, сондай-ақ олардың құқықтық мирасқорлары бұдан былай қарыз алушылармен жұмыс істеу кезінде микроқаржылық қызмет туралы заңнамада қойылатын барлық талап пен шектеулерді сақтауға міндетті болады. Ұйымдар азаматтардың тұтынушылық микрокредиттері бойынша берешекті өндіріп алуды, сондай-ақ ұйымның осындай берешегі бойынша талап ету құқықтарын лицензиядан айырылған соң 24 ай ішінде ғана басқаға, мысалы, коллек-

торларға беруді жүзеге асыра алады», – деді агенттіктің департамент басшысы Нұржан Бидайбек.

Осы орайда микроқаржы ұйымдарына жеке тұлғалардың тұтынушылық микрокредиттері бойынша берешегін коллекторлық агенттіктерге сатуына мораторий 2027 жылғы 1 мамырға дейін ұзартылды. Сөйтіп, қабылданған шаралар микроқаржыландыру нарығының ашықтығы мен орнықтылығын арттыруға, қарыз алушылардың құқықтарын қорғауға және бірыңғай кәсіби стандарттарды қалыптастыруға бағытталған.

## ҰСЫНЫС ПЕН ҮРЕЙ

– Ауылдық жерлерде банк жоқтың қасы. Бұл жағдайда микроқаржы ұйымдары, соның ішінде кредиттік серіктестіктер үлкен маңызға ие. Олар ауыл шаруашылығы өндірушілерін қаржымен қамтамасыз етеді, жағдайына қарайды, аграрлық өндірістің маусымдылығын ескереді. Екінші деңгейдегі банктермен салыстырғанда қарыз алушыларға икемді талаптар қояды және ауылдық аумақтарда маңызды әлеуметтік рөл атқарады. Әйткенмен, салада қордаланған жүйелі проблемалар қазіргі моделді кешенді өзгертуді талап етеді, – дейді сенатор Сұлтан Дүйсембинов.

Бүгінде Қазақстанда 200-ден астам кредиттік серіктестік (КС) жұмыс істейді, көпшілігі негізінен Аграрлық кредит корпорациясы арқылы тартылатын мемлекеттік ресурстар есебінен қызмет етеді. Осыған орай бір топ экономист пен депутаттар МҚЖҰ-ларға жеке және заңды тұлғаларға депозит ашып, жинағын қабылдауға рұқсат етуді ұсынды.

Олардың дәйектеуінше, банктер «тәуекелі жоғары, таза табысы төмен және кепілдігі арзанқол» деп ауылға жолай бермейді, ірі агрохолдингтерді ғана жарылқап, шағын және орта агробизнесі толыққанды кредиттеуден аяқ тартады. Өз кезегінде, кредиттік серіктестіктер аграрлық секторда банк жүйесін жоқтатпайды, қаржы тапшылығының орнын толтыруға қал-қадары тырысады.

Сарапшылардың пайымдауынша, қазіргі шектеулі моделді ары қарай өзгеріссіз сақтаса, оның соңы келесі салдарға әкеп соғуы мүмкін: біріншіден, ауыл мен ауыл

шаруашылығын дамытуға жұмсалатын бюджет шығыстарының тиімділігі төмендей береді. Екіншіден, агросектордың мемлекеттік қолдауға тәуелділігі арта түседі. Үшіншіден, ауыл экономикасының құрылымдық дамуы шектеледі. Ауыл кәсіпкерлері, жалпы ауылдықтар ет пен сүт сияқты қарапайым шикізаттан ары аса алмайды, оны өңдеуге қаржы таппайды.

Алайда бұл ұсыныстар қаржылық реттеуші, Ұлттық банк және Үкімет тарапынан қолдау таппай тұр. Оның мәнісі жуырда Үкіметтен Сенатқа түскен жауап хаттан белгілі болды. Шенеуніктердің дәйектеуінше, микроқаржылық қызметті жүзеге асырушы ұйымдарға, соның ішінде кредиттік серіктестіктерге (КС) жеке және заңды тұлғалардан, тіпті өз қатысушыларынан шоттар ашу, депозиттер қабылдау құқығын берсе, онда банктерге қойылатын жоғары әрі күрделі талаптарды оларға да таратуға тура келеді.

Мәселен, барлық екінші деңгейлі банктер Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорына (КДКК) салымшылардың қаражатын қорғау үшін жүйелі түрде жарна аударады. Бұл қаражат банк лицензиясынан айырылған жағдайда салымшыларға өтемақы төлеу үшін арнайы резерв ретінде жиналады.

«КС-тер депозиттік қызметке жіберілсе, оларға реттеу мен қадағалаудың арнайы тетіктерін енгізу қажет болады. Мұндай тетіктерге пропорционалды реттеу, жинақтарды қорғау жүйелеріне қатысу, қаржылық тұрақтылық пен корпоративтік басқаруға қойылатын талаптарды кезең-кезеңімен күшейту жатады. Мұның сыртында Қазақстанда депозиттер қабылдау тек банктік операцияларға жатады және банктік лицензиясы болған жағдайда ғана жүзеге асырылады», – делінген Үкіметтің жауабында.

Депозит қабылдау қызметі тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарды, соның ішінде корпоративтік басқару стандарттарын, жоғарылатылған пруденциалдық нормативтерді сақтауды, салымдарға кепілдік беру жүйесіне қатысуды, уәкілетті орган тарапынан күшейтілген қадағалауды көздейді.

«Қазіргі уақытта КС-терге жарғылық және меншікті капиталының көлемі, левежді коэффициенті сияқты пруденциалдық нормативтерді сақтау бойынша ең төменгі талаптар қолданылады. Олар банктерге қойылатын талаптардан көп төмен. Қызметі тек өз қатысушыларын кредиттеумен шектелетіндіктен, КС-тар тәуекелдерді басқарудың толыққанды жүйелерін енгізу, комплаенс және ішкі аудит қызметтерін құру міндеттерін босатылған. Ағымдағы жағдайда олар банктік операцияларды толық көлемде жүзеге асыру үшін жеткілікті ресурстар мен құзыреттерге ие емес. Сондықтан КС-терге шоттар ашу және депозиттер қабылдау құқығын беру мүмкін емес», – деп үзілді-кесілді мәлімдеді Үкімет.

Үкіметтің бұл ұстанымының астарында – халықтың жинағын алақтардың тұзағынан, тұрақсыз ұйымдардың жырымынан қорғап жатыр ма, әлде банктердің сойылын соғып, бөсекелен арылтып жатыр ма, ол жағы әркімнің ақыл таразысына жүк. Бірақ бұл сактық ауыл кәсіпкерлігін дамытудың баламалы жолдарын жасанды бітей бермегені де жөн.

Қорыта айтқанда, микроқаржы ұйымдары ауылдағы тұрғындар мен кәсіпкерлерге қарыз беруге арналған қаражатты ары қарай да өз капиталынан (қожайыны-құрылтайшысының немесе инвесторының қалтасынан), банктік несиелерден, сондай-ақ облигациялар шығару және мемлекеттік бюджет кредиттерін тарту арқылы табуына тура келеді. Ал саладағы реформалар және жаңа модель секторды қадағалау саясатын қатайтуға, жауапкершілікті күшейтуге, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруге, салада өзін-өзі реттеуді енгізуге бағытталған.

Елдос СЕНБАЙ

## КӨКЕЙКЕСТІ

6 MAУСЫМ 2026 | СЕНБІ



Қазақстанда кейінгі бірнеше жыл бойы тұрғын үй мәселесі қоғамдағы ең өзекті тақырыптардың бірі болып келеді. Урбанизацияның күшеюі, ірі қалалардағы баспана бағасының өсуі, ипотекалық мөлшерлемелердің қымбаттауы және халықтың сатып алу қабілетіне қатысты мәселелер тұрғын үйге қолжетімділікті күрделендіріп отыр. Осындай жағдайда елде ислам ипотекасын енгізу туралы бастамалар қайтадан күн тәртібіне шықты.

## Ислам ипотекасы



### А Кәмила ДҮЙСЕН

Бір қарағанда, бұл тек жаңа қаржы өнімі сияқты көрінуі мүмкін. Алайда сарапшылар ислам ипотекасын тұрғын үй нарығындағы кезекті банктік өнім емес, Қазақстандағы ислам қаржы индустриясын дамытудың маңызды кезеңі ретінде бағалайды. Өйткені мәселе тек баспана сатып алу туралы емес. Бұл — қаржылық жүйеге жаңа философия мен жаңа аудиторияны тарту әрекеті.

Көпшілік ислам қаржысын тек мұсылман елдеріне тән жүйе деп қабылдайды. Алайда қазір бұл — әлемдік қаржы нарығындағы ең жылдам дамып келе жатқан секторлардың бірі. Исламдық қаржы қызметтері кеңесінің (IFSB) мәліметіне сәйкес, әлемдегі исламдық қаржы активтерінің жалпы көлемі 4 триллион доллардан асты. Бұл көрсеткіш кейінгі он жыл ішінде бірнеше есеге өскен.

Бүгінде ислам банкітері тек Сауд Арабиясы немесе Біріккен Араб Әмірліктерінде ғана емес, Ұлыбритания, Люксембург, Сингапур және Гонконг сияқты халықаралық қаржы орталықтарында да жұмыс істейді. Bloomberg жариялаған сараптамалық материалда Қазақстан ислам қаржысының Орталық Азиядағы өңірлік хабына айналу әлеуеті бар мемлекет ретінде аталады.

### ЕРЕЖЕСІ ЕРЕКШЕ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛЫ

Қоғамда ислам ипотекасы туралы түрлі пікір бар. Кейбір адамдар оны пайызсыз әрі тегін баспана алу мүмкіндігі ретінде қабылдайды. Бірақ мамандар мұндай түсініктің қате екенін айтады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің түсіндіруінше, исламдық қаржыландырудың негізгі қағидаларының бірі — өсімкорлыққа, яғни рибаға

жүрген азаматтардың нарыққа келуіне мүмкіндік береді. Бүгінде мұндай азаматтардың саны аз емес. Олар үшін баспана мәселесі өзекті болғанымен, пайыздық несиеге жүгінуді құп көрмейді. Ислам ипотекасының іске қосылуы осы аудиторияға тұрғын үй сатып алудың балама жолын ұсынады. Нәтижесінде, нарықта қосымша сұраныс қалыптасып, тұрғын үй сатып алушылардың қатары артуы мүмкін.

— Екінші маңызды фактор — қаржыландыру көздерінің әртарап-

тыйым салу. Сондықтан ислам банкітері классикалық банктер сияқты ақша беріп, үстінен пайыз есептемейді. Оның орнына нақты активпен байланысты мәміле жасалады.

Мысалы, банк тұрғын үйді өзі сатып алып, кейін клиентке белгілі бір үстемемен қайта сата алады. Немесе тұрғын үйді жалға беру арқылы біртіндеп сатып алу схемасын қолданады. Ислам қаржысында табыс ақша үшін емес, нақты активпен жасалған операция арқылы қалыптасады.

Ұлттық Банктің мәліметінше, ислам қаржысының басты ерекшелігі — нақты экономикалық қызметпен байланысы. Яғни қаржылық операция міндетті түрде нақты мүлікпен немесе нақты активпен қамтамасыз етілуі қажет.

Бұл жүйе әлемде мұрабаха, иджара және мушарака сияқты модельдер арқылы кеңінен қолданылады.

### ҚАЗАҚСТАН ҚАНШАЛЫҚТЫ ДАЙЫН?

Дегенмен сарапшылар тұрғын үй секторындағы ислам ипотекасын енгізу әлдеқайда күрделі процесс екенін айтады.

— Қазақстанда ислам ипотекасының іске қосылуы тұрғын үй нарығына белгілі бір деңгейде оң әсер етуі мүмкін. Алайда оны қысқа мерзім ішінде дәстүрлі ипотеканы толық алмастыратын құрал ретінде қарастыруға болмайды. Себебі елімізде дәстүрлі ипотекалық жүйе ондаған жыл бойы қалыптасып, банктердің тәжірибесі, мемлекеттік бағдарламалар мен қаржыландыру тетіктері осы бағытта дамып үлгерді. Соған қарамастан, ислам ипотекасының пайда болуы тұрғын үй нарығына жаңа серпін беріп, қаржы секторындағы бәсекелестікті күшейтуі ықтимал, — дейді экономист Бауыржан Ысқақов.

Маманның сөзінше, ең алдымен, ислам ипотекасы тұрғын үй сатып алуға діни себептермен дәстүрлі несие алудан бас тартып

ландыру инфрақұрылымын дамыта отырып, осы капиталдың белгілі бір бөлігін өз экономикасына бағыттай алады. Әсіресе құрылыс саласы үшін бұл қосымша қаржыландыру көзінің пайда болуын білдіреді, — деп сөзін жалғады сарапшы.

Сонымен бірге экономист ислам ипотекасының енгізілуі тұрғын үй бағасына да әсер етуі мүмкін екенін айтты. Егер жаңа құралдың арқасында сатып алушылар саны артса, нарықтың жекелеген сегменттерінде бағаның өсуі ықтимал.

— Дегенмен бұл ықпалдың ауқымы ислам ипотекасының нарықтағы үлесіне тікелей байланысты болады. Егер оның үлесі шағын болса, бағаға әсері де айтарлықтай байқалмауы мүмкін. Сондықтан тұрғын үй бағасының күрт өсуін тек ислам ипотекасымен байланыстыру дұрыс болмас еді. Жалпы алғанда, ислам ипотекасы дәстүрлі ипотекаға балама бола ала ма деген сұрақ жиі қойылады. Менің ойымша, белгілі бір азаматтар үшін ол шынымен де нақты балама бола алады. Алайда қазіргі жағдайда оның дәстүрлі ипотеканы толық алмастыру мүмкіндігі шектеулі. Қазақстанда дәстүрлі ипотекалық инфрақұрылым жақсы дамыған. Банктерде үлкен тәжірибе бар, мемлекеттік қолдау бағдарламалары жұмыс істейді, тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі қалыптасқан. Алісламдық қаржыландыру нарығы өзірге қалыптасу кезеңінен өтіп жатыр. Сондықтан жақын аралықта ислам ипотекасы тұрғын үй нарығының шағын бөлігін ғана қамтуы мүмкін, — деген болжамымен бөлісті экономист.

### ТИІМДІЛІГІНЕ ТОҚТАЛСАҚ

Соған қарамастан, уақыт өте келе жағдай өзгеруі ықтимал екенін алға тартты Бауыржан Ысқақов. Оның сөзінше, егер заңнамалық база жетілдіріліп, қаржы институттарының саны артса және халық тарапынан сұраныс жоғары болса, ислам ипотекасының үлесі де

тарына жақын болады. Яғни тараптар мәміленің белгілі бір тәуекелдерін бірге көтереді. Мұндай тәсіл қаржылық қатынастардың теңгерімді болуына ықпал етеді, — деген ойын айтты Б.Ысқақов.

Сондай-ақ ол ашықтық деңгейінің жоғары болуы бұл қаржы құралының негізгі артықшылықтарының бірі екеніне тоқталды. Өйткені ислам ипотекасында келісімшарттың негізгі шарттары алдын ала нақты көрсетіледі. Тұрғын үйдің құны, банктің маржасы, төлемдердің көлемі мен кестесі мәміле жасалған сәтте белгілі болады. Бұл клиентке өз міндеттемелерін нақты түсінуге мүмкіндік береді және қосымша түсінбеушіліктердің алдын алады.

— Төртінші артықшылық әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарымен байланысты. Исламдық қаржыландыру алыпсатарлық операцияларды және шамадан тыс тәуекелдерді шектеуге бағытталған. Мұнда нақты активпен қамтамасыз етілмеген мәмілелерге жол берілмейді. Сондықтан жүйе белгілі бір деңгейде тұрақтылықты қамтамасыз етуге ұмтылады. Алайда ислам ипотекасының кемшіліктері де жоқ емес. Ең алдымен, оның құны дәстүрлі ипотекадан міндетті түрде арзан болады деп айтуға болмайды. Қоғамда кейде «пайыз жоқ болса, төлем де аз болады» деген пікір кездеседі. Шын мәнінде, бұл әрдайым солай емес. Исламдық қаржы ұйымдары да табыс табуы керек. Сондықтан олар өз пайдасын үстеме баға арқылы немесе жалдау төлемдері түрінде алады. Соның салдарынан клиенттің жалпы шығыны кей жағдайларда дәстүрлі ипотеканың құнымен шамалас болуы мүмкін, — дейді экономист.

Сарапшының пайымдауынша, ислам ипотекасының тағы бір әлсіз тұсы — бұл нарықтың әлі толық қалыптасып үлгермеуі. Қазақстанда исламдық қаржы институттарының саны аз болғандықтан, клиенттердің таңдау мүмкіндігі де шектеулі болып отыр. Нарықтағы ойыншылар санының аздығы бәсекелестіктің жеткілікті деңгейде дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

— Сонымен қатар исламдық қаржыландырудың тиімді жұмыс істеуі үшін арнайы құқықтық және инфрақұрылымдық база қажет. Қазақстан бұл бағытта белгілі бір қадамдар жасағанымен, жүйе әлі даму кезеңінде. Осыған байланысты рәсімдеу процестері күрделірек болуы, ал операциялық шығындар дәстүрлі қаржы құралдарымен салыстырғанда жоғары болуы ықтимал. Өтімділік мәселесін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Ислам банкітерінің қаржы тарту құралдары дәстүрлі банктермен салыстырғанда шектеулі болуы мүмкін. Бұл олардың ұсынатын ипотекалық өнімдерінің көлеміне де әсер етеді. Яғни сұраныс жоғары болған жағдайда да қаржыландыру көлемін жылдам арттыру қиындық туғызуы ықтимал, — деп сөзін қорытты Бауыржан мырза.

Жалпы алғанда, маман сөзіне сүйенсек, экономикалық тұрғыдан ислам ипотекасының басты артықшылығы тұрғын үй нарығына жаңа сұраныс пен қосымша капитал әкелуінде болып отыр. Осылайша, ол қаржы секторындағы әртараптандыруды күшейтіп, жаңа инвестициялық мүмкіндіктер аша алады. Ал негізгі кемшілігі — оның қазіргі кездегі ауқымының шектеулілігі және дәстүрлі ипотекамен салыстырғанда міндетті түрде арзан болмауы.



тандырылуы. Кез келген нарықтың тұрақты дамуы үшін қаржы құралдарының көп болуы маңызды. Ислам ипотекасы осы тұрғыдан алғанда банктер мен қаржы ұйымдары арасындағы бәсекелестікті күшейтіп, жаңа өнімдердің пайда болуына жол ашады. Қаржы институттары клиенттерді тарту үшін өз қызметтерін жетілдіруге мәжбүр болады. Бұл өз кезегінде жалпы қаржы нарығының сапасына оң ықпал етуі мүмкін.

Үшінші аспект — инвестиция тарту мәселесі. Исламдық қаржы құралдары Таяу Шығыс елдері мен басқа да мұсылман мемлекеттерінен капитал тартудың қосымша мүмкіндігін қалыптастырады. Әлемде исламдық қаржы нарығы қарқынды дамып келеді және бұл салада басқарылатын активтердің көлемі триллиондаған доллармен өлшенеді. Қазақстан исламдық қаржы-

біртіндеп ұлғаяды. Ұзақ мерзімде ол тұрғын үй нарығының маңызды сегменттерінің біріне айналуы ғажап емес.

— Ислам ипотекасының артықшылықтарына тоқталсақ, ең алдымен, оның шариғат талаптарына сәйкестігін атап өткен жөн. Исламдық қаржыландырудың негізгі ерекшелігі — өсім алуға тыйым салынуы. Сондықтан ислам қағидаларын ұстанатын азаматтар үшін мұндай құрал моральдық және діни тұрғыдан қолайлы шешім болып саналады. Бұл тек қаржылық өнім ғана емес, белгілі бір құндылықтарға негізделген қарым-қатынас моделі деуге болады. Екінші артықшылығы — тәуекелдерді бөлісу қағидаты. Исламдық қаржыландыруда банк пен клиенттің арақатынасы тек қарыз беруші мен қарыз алушы деңгейінде қалмайды. Көп жағдайда бұл қатынас серіктестік қағидат-



## РӘМІЗДЕР КҮНІНДЕГІ ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

Мемлекеттік рәміздер күні қарсаңында Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Қонаев қаласындағы Бердібек Соқпақбаев атындағы саябақта балалармен кездесті.

Еркін форматта өткен кездесуге 35-ке жуық бала қатысты. Ашық аспан астында ұйымдастырылған жүздесу барысында оқушылар облыс әкіміне өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің тарихы мен маңызы туралы пікір алмасты.

Кездесу барысында Марат Сұлтанғазиев балаларға мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұранның тәуелсіз Қазақстанның басты нышандары екенін айтып, оларды құрметтеу әр азаматтың парызы екенін атап өтті.

Сондай-ақ әкім мемлекеттік рәміздерге қатысты қызықты деректермен бөлісті. Әсіресе, көк Тудың ғарыш кеңістігіне көтеріліп, әлемнің ең биік шырларында желбірегені туралы айтылған мәліметтер балалардың ерекше қызығушылығын тудырды.

Шара барысында балалар мемлекеттік рәміздердің авторлары, олардың мән-

мағынасы және Қазақстанның халықаралық деңгейдегі жетістіктері туралы сұрақтар қойды. Кездесу ашық диалог форматында өтіп, жас қатысушылар өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік алды.

Облыс әкімі мұндай кездесулердің жас ұрпақтың бойында патриоттық құндылықтарды қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

«Мемлекеттік рәміздер – біздің тәуелсіздігіміздің, бірлігіміздің және елдігіміздің белгісі. Оларды құрметтеу – туған елге деген құрметтің көрінісі», – деді Марат Сұлтанғазиев.

Жыл сайын 4 маусымда атап өтілетін Мемлекеттік рәміздер күні қазақстандықтардың елдік құндылықтарға деген құрметін арттыруға және өскелең ұрпақтың патриоттық тәрбиесін нығайтуға бағытталған түрлі іс-шаралармен ерекшеленеді.

## ЗАМАНАУИ ЗЕРТХАНА ЖАСТАРҒА ЖӨН СІЛТЕМЕК

Бүгінде әлем жаңа дәуірге қадам басты. Бұл жолы бәсеке заманауи технологиялар мен кодтық жүйе арқылы жүріп жатыр. Мұндай жаһандық үдерістен еліміздің шет қалмауы тренд емес, стратегиялық қажеттіліктен туындауда. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылды «Жасанды интеллект жылы» деп жариялап, болашаққа баянды бағдар берді. Осы үндеуге үн қосып, сара жолды жалғау мақсатында Жамбыл облысында «ЖИ инновациялар академиясы» зерханасы құрылып, өңірдің цифрлық тынысын кеңейте түсті.



### А Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Зертхана Жамбыл политехникалық жоғары колледжінің базасында құрылып отыр. Жоба жасанды интеллект, бағдарламалау және заманауи цифрлық технологиялар бағытында білім беретін маңызды инновациялық алаңға айналмақ. Орталық өңірдің цифрлық әлеуетін арттыруға серпін беріп, студенттердің жасанды интеллект пен IT саласындағы практикалық дағдыларын жетілдіруге, озық технологияларды меңгеруіне және болашақ мамандықтарына бейімделуіне кең мүмкіндік тудырады.

– Жамбыл политехникалық жоғары колледжінің базасынан озық технологиямен жабдықталған зертхана ашылып отыр. Бұл орталық жаңа 30 жұмыс орнын құруда. Бұдан бөлек, зертхана оқытушылар мен студенттерге жасанды интеллектің кең көлемде қолдануға мүмкіндік ашуда. Мұндай зертхананың оқу орнында ашылуы бізге үлкен абыроймен қатар, жауапкершілік жүктейді. Сондықтан сенім үдесінен шығу үшін бар күшімізді саламыз, – дейді Жамбыл политехникалық жоғары колледжінің директоры Асхат Картаков.

Ауқымды жоба еліміз бен Қытай мемлекетіндегі оқу орындары арасындағы ұзақ жылдардан бері қалыптасқан берік достық пен өзара ынтымақтастықтың арқасында жүзеге асқан.

– Білім беру саласында жасанды интеллекті қолдану үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл студенттермен қатар, оқытушыларға да цифрлық технологияларды кенінен пайдалануға үйретеді. Колледж қабырғасына орнатылған компьютерлер әлемдік озық бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Алдағы уақытта осы бағдарламалардың тетігін тереңірек түсіндіру үшін Қытай елінің оқытушыларын да тарту жоспарымызда бар. Бұл өз кезегінде Жамбыл облысының ғана емес, тұтас Қазақстанның жасанды интеллект әлеміндегі жаңа дәуірін бастайтыны анық, – дейді Key School of Technology LTD компаниясының бас директоры Лю Ди.

«ЖИ инновациялар академиясы» зертханасының тағы бір таңғалдырар тұ-

сы – студенттердің психологиялық жай-күйін анықтайтын жүйесі бар. Яғни, студенттердің психологиялық және эмоционалдық көңіл күйін жасанды интеллект дәлдікпен бағалайды. Аталған жүйе DeepFace және MediaPipe нейрожелілері негізінде жұмыс істейді. Олар камера арқылы адамның мимикасын, көз қозғалысын және жасырын эмоцияларын талдайды. Жүйенің басты артықшылығы – жылдамдық. Студенттің стресс немесе мазасыздық деңгейін бірнеше апта емес, 1-2 минут ішінде дәлдікпен көрсетеді. Мимикадағы микро өзгерістер мен көз жұму жиілігін талдау арқылы ЖИ қатер тобындағы студенттерді ерте сатыда табады. Жүйе ғаламторға қосылмаған, деректер тек колледж ішіндегі компьютерде сақталып, құпиялық 100 пайыз қамтамасыз етіледі. Студент жасанды интеллектіге «бәрі дұрыс» деп жауап берсе де, жүйе жасырын стрессті, білімгердің жасырғысы келген мәселесін де анықтауға қауқарлы. Шұғыл психологиялық көмек қажет болған жағдайда қажетті маманға да бағыттайды. Зертхана мамандары бұл студенттің оқудан шығып қалуына немесе басқа да жағдайға ұрынып қалмауының алдын алуға көмектесетіндігін айтады.

Міне, осындай зертхананың өңірден ашылуы цифрлық дәуірдегі үлкен дүмпу. Жаңа орталыққа Жамбыл политехникалық жоғары колледжінің таңдалынып алынуы да тектен-тек емес. Аталған колледж республикадағы үздік 10 оқу орнының қатарына кіреді. Бүгінде мұнда 2 518 студент білім алып жатса, олардың 1934-і дуальді оқыту жүйесімен қамтылып, колледж бен өңірдегі ірі өндіріс орындарында теория мен тәжірибені қатар меңгеруде.

Бүгінде Жамбыл облысында жасанды интеллект технологиялары қоғамдық қауіпсіздік, денсаулық сақтау, білім беру және мемлекеттік басқару салаларына кеңінен енгізілуде. Енді міне, оқу орнының базасынан студенттердің цифрлық және робототехника бағытындағы танымын кеңейтіп қана қоймай, білімгерлердің қауіпсіздігіне де жауап беретін заманауи зертхана іске қосылып отыр. Бұл Жамбыл облысын жасанды интеллект бағытында жаңа биікке шығаратыны айқын.

## ЖАҢА НЫСАНДАР ЭКОТУРИЗМДІ ДАМУДА

Алматы облысында экологиялық туризмді дамыту және жасыл аймақтардың көлемін ұлғайту бағытында бірнеше ірі экопарк жобасы жүзеге асырылуда. Жаңа нысандарға тартылатын инвестиция көлемі 22 млрд теңгеден асады.



Жалпы, қазір облыс аумағында жалпы көлемі 69 мың гектардан асатын 20-дан астам экопарк жұмыс істейді. Алдағы жылдары олардың қатары жаңа демалыс және рекреациялық аймақтармен толықпақ. Сол арқылы өңірге келетін туристердің де саны артып, өңірдің экономикалық әлеуетін жақсара түседі.

Ірі жобалардың бірі – аумағы 10 гектар болатын «Барыс» экопарк. Жобаның құны шамамен 1,5 млрд теңгені құрайды. Болашақта парк аумағында 7 мыңнан астам ағаш отырғызу жоспарланған.

Сонымен қатар жеке инвестициялар есебінен тағы екі ірі жоба іске асырылуда. Аумағы 5,5 гектар болатын Tal Resort экопаркнің құны шамамен 5 млрд теңгені құрайды. Құрылыс жұмыстары екі кезеңмен жүргізіледі. Жобаның бірінші кезеңін 2026 жылдың соңында аяқтау, ал нысанды

толық пайдалануға беру 2027 жылға жоспарланған.

Сондай-ақ құны 5 млрд теңге болатын Ауқан Resort экопаркнің құрылысы да жүргізілуде. Жобаның жалпы аумағы 8,5 гектарды құрайды. Нысанды 2027 жылы пайдалануға беру көзделген.

Бұдан бөлек, 2027–2028 жылдары облыста тағы екі жоба жүзеге асырылады. Атап айтқанда, «Көшпенділер» экопаркiне шамамен 700 млн теңге, ал «Орталық саябақ» жобасына шамамен 10 млрд теңге инвестиция тарту жоспарланып отыр.

Алматы облысы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және абаттандыру басқармасының мәліметінше, аталған жобалар өңірдің туристік әлеуетін арттырып, жасыл аймақтарды кеңейтуге және халық үшін қолайлы демалыс инфрақұрылымын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

## ДАУА

6 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Соңғы жылдары Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалардың ішінде халықты дәрілік заттармен қамтамасыз ету мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл бағыт тек медициналық қызмет сапасын арттыру ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік әділеттілік, азаматтардың өмір сапасы және мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігінің деңгейін айқындайтын негізгі көрсеткіштің бірі саналады.

**А** Айгүл СЕЙІЛ

Бүгінде елімізде дәрілік қамтамасыз ету жүйесі ауқымды трансформациядан өтіп, жана модельге көшуде. Оның негізгі мақсаты – дәрілік заттардың қолжетімдігін арттыру, қаржылық жүктемені азайту және емдеудің тиімділігін дәлелді медицина қағидаттары негізінде қамтамасыз ету.

#### СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?


Ресми деректерге сүйенсек, соңғы жылдары тегін дәрілік қамтамасыз ету жүйесі айтарлықтай кеңейген. Егер 2018 жылы бұл жүйемен 1,9 миллион адам қамтылса, 2025 жылға қарай олардың саны 3,4 миллионға жеткен. Бұл – ел халқының шамамен әрбір алтыншы тұрғыны мемлекет есебінен тегін дәрі-дәрмек алады деген сөз.

Көрсеткіштің өсуі, бір жағынан, жүйенің қолжетімділігінің артқанын білдірсе, екінші жағынан, оның тұрақтылығы мен тиімділігіне қатысты сұрақтарды да туындатады. Себебі мұндай кең ауқымды қамту үлкен қаржылық және ұйымдастырушылық ресурстарды талап етеді. Соған қарамастан, бұл өсім кездейсоқ емес. Жүйе тек ауыр науқастарға ғана емес, сонымен қатар созылмалы және әлеуметтік мәні бар аурулары бар азаматтарға бағытталған. Олардың қатарында қант диабеті, гипертония, онкологиялық және сирек кездесетін аурулар бар.

Дәрілік қамтамасыз ету жүйесінің кенеюі қаржыландыру көлемінің артуымен қатар жүріп отыр. Соңғы жылдары амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету бюджеті үш еседен астам өсіп, 2018 жылғы 87,2 млрд теңгеден 2026 жылы 337,4 млрд теңгеге дейін жетуі жоспарланған. Бұл өсімнің бірнеше себебі бар. Біріншіден, аурулар мен препараттар тізімі кеңейтілді. Екіншіден, қымбат инновациялық емдеу әдістері енгізілді. Үшіншіден, пациенттер саны артқан. Дегенмен қаржыландырудың өсуі әрдайым тиімділікпен қатар жүреді деп айту қиын. Бұл жерде басты мәселе – бөлінген қаражаттың қаншалықты мақсатты және нәтижелі жұмсалып жатқанында.

Реформаның маңызды бағытының бірі – тегін дәрілік қамтамасыз етуге кіретін аурулар тізімін кеңейту болды. Бұрын 48 түрлі аурулар жіктелісі қамтылса, бүгінде олардың саны 121-ге жеткен.

Алайда соңғы жылдары жүйе «саннан сапаға» көшу бағытын ұстануда. 2024-2025 жылдары жүргізілген ревизия нәтижесінде клиникалық тиімділігі төмен 58 препарат тізімнен алынып тасталды. Алдағы уақытта жүйені 75 негізгі аурулар жіктелісіне шоғырландыру жоспарланып отыр.



## ТЕГІН ДӘРІ

# ХАЛЫҚҚА ҚАЛАЙ ЖЕТЕДІ?

Бұл – ресурстарды тиімді бөлуге және нақты нәтижеге бағытталған саясаттың көрінісі.

#### БАҒА САЯСАТЫ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛУДЕ?

Дәрі-дәрмек бағасын төмендету – халық үшін ең сезімтал мәселенің бірі. Мемлекеттік реттеу тетіктерін қайта қарау нәтижесінде тегін медициналық көмек және МӘМС аясында сатып алынатын препараттардың бағасы орта есеппен 15%-ға төмендеген.

Ал нарықтың көтерме және бөлшек сегменттерінде бұл көрсеткіш 26%-ға дейін жеткен. Бұл – әрине, оң өзгеріс. Бірақ баға мәселесі толық шешілді деуге ерте. Себебі нарықтағы бағалардың құбылмалылығы, импортқа тәуелділік және логистикалық шығындар әлі де өз әсерін тигізуде.

Сонымен қатар баға диапазонының өзі жүйедегі теңсіздікті көрсетеді: бір препараттың құны 1 теңгеден басталса, екіншісі 31,5 миллион теңгеге дейін жетеді. Бұл – әсіресе, сирек ауруларды емдеудегі үлкен қаржылық жүктемені білдіреді.

#### ДЕРЕКТЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН МОДЕЛЬ

Қазіргі таңда дәрілік қамтамасыз ету жүйесінде жоспарлау «төменнен жоғары» қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Яғни, әрбір медициналық ұйым нақты пациенттер бойынша өтім береді. Бұл жүйенің артықшылығы – оның дербестендірілгендігі. Әрбір өтім нақты пациенттің деректеріне негізделеді: диагнозы, қабылдайтын препараты, тұтыну көлемі және емдеу тарихы ескеріледі.

Сонымен қатар автоматтандырылған есептеу жүйесі енгізіліп жатыр. Бұл жүйе сұранысты болжауға, артық шығындарды азайтуға және тапшылықтың алдын алуға мүмкіндік береді. Дегенмен практика көрсеткендей, кейбір өнімдерде жоспарлау сапасы әлі де өзекті мәселе болып отыр. Өтімдердің дұрыс толтырылмауы немесе кешіктірілуі дәрілердің жетіспеуіне әкелуі мүмкін.

#### ЛОГИСТИКА ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

Дәрілік қамтамасыз ету жүйесіндегі негізгі сын көбіне логистикаға қатысты

орталықтар ашу жоспарланған. Сонымен қатар цифрландыру белсенді түрде енгізілуде. Қоймаларды басқару жүйесі (WMS) іске қосылып, алдағы уақытта көлік логистикасын басқару жүйесі (TMS) енгізілмек. Бұл жүйелер дәрілердің қозғалысын нақты уақытта бақылауға мүмкіндік береді. Яғни, пациент өзіне қажетті препараттың қай жерде екенін біле алады», – дейді ҚР ДСМ Дәрі-дәрмек саясаты департаментінің директоры Жандос Әділхан.

#### МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДА ҮНЕМ МЕН АШЫҚТЫҚ БАР

Соңғы жылдары мемлекеттік сатып алу жүйесінде де өзгерістер байқалады. Өндірушілерден тікелей сатып алу көлемі үш есеге артты, ал халықаралық ұйымдар арқылы сатып алу 87%-ға өсті. Бұл делдалдарды азайтып, бағаны төмендетуге мүмкіндік берді.

2025 жылы 70,5 млрд теңге, ал 2026 жылдың басында тағы 47 млрд теңге үнемделген. Бұл қаражат қайтадан пациенттерді қамтамасыз етуге бағытталған. Дегенмен ашықтық мәселесі әлі де қоғам назарында. Сондықтан «Еститін мемлекет» қағидаты аясында байланыс орталығының тәулік бойы жұмыс істеуі және Telegram-боттың іске қосылуы – осы бағыттағы маңызды қадамдар.



**2025 жылы 70,5 млрд теңге, ал 2026 жылдың басында тағы 47 млрд теңге үнемделген. Бұл қаражат қайтадан пациенттерді қамтамасыз етуге бағытталған. Дегенмен ашықтық мәселесі әлі де қоғам назарында. Сондықтан «Еститін мемлекет» қағидаты аясында байланыс орталығының тәулік бойы жұмыс істеуі және Telegram-боттың іске қосылуы – осы бағыттағы маңызды қадамдар.**

айтылады. Әсіресе, ауылдық жерлерде дәрілердің кешігуі немесе уақытында жеткізілмеуі туралы шағымдар жиі кездеседі.

«Жеткізу процесі жоспарлы түрде жүзеге асырылады және барлық өнімдер бірдей қамтылады. Дегенмен нақты жағдайда қиындықтар туындайтыны жасырын емес. Осы мәселені шешу үшін мемлекет бірқатар іс-шараларды қолға алды. Атап айтқанда, бірыңғай дистрибьютордың жеке қойма инфрақұрылымы құрылуда. Ірі қалаларда жана логистикалық

кет» қағидаты аясында байланыс орталығының тәулік бойы жұмыс істеуі және Telegram-боттың іске қосылуы – осы бағыттағы маңызды қадамдар.

#### АЙМАҚТЫҚ ТЕНГЕРІМ: ЖҮЙЕ ҚАНШАЛЫҚТЫ ӘДІЛ?

Дәрілерді өнімдер арасында бөлу нақты сұранысқа негізделген. Бірақ тәжірибеде кейбір аймақтарда тапшылық, ал басқаларында артық қор қалыптасуы мүмкін. Бұл көбіне жоспарлау қателіктерімен байланысты. Мұндай жағдайда препараттарды өнімдер арасында қайта бөлу механизмі қолданылады. Бұл жүйенің икемділігін көрсетеді, бірақ бастапқы жоспарлау сапасын арттыру қажеттігін де дәлелдейді.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы дәрілік қамтамасыз ету жүйесі түбегейлі өзгерістер кезеңін бастан өткеруде. Қолжетімділік артты, қаржыландыру көбейді, цифрландыру енгізілді.

Алайда негізгі жоспарлау сапасына, логистикадағы іркілістерге, баға тұрақсыздығына және өнімдерлік теңгерім мәселесіне қатысты сын-қатерлер де сақталып отыр. Соған қарамастан, жүйе оң бағытта дамуда. Ең бастысы, реформалар тек сандық көрсеткіштерге емес, сапа мен тиімділікке бағытталуға тиіс. Өйткені дәрілік қамтамасыз ету – жай ғана медициналық қызмет емес, ол – азаматтардың өмір сапасы мен мемлекетке деген сенімінің көрсеткіші.

# ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

6 MAУCЫM 2026 | CENБI

Жастарға рухани ұстаз бола білген жазушы Дидахмет Әшімханұлы қазақ әдебиетінде өзіндік үні, ерекше болмысы бар ғажайып адам еді. Ол өз шығармаларында мәңгілік тақырып Алтайын жырлап өтті. Қаламгердің өмірі мен шығармашылығы қазақ руханиятының тұтас бір кезеңімен сабақтас. Жазушының жары Лиза Саяқызымен жазушының адами болмысы, шығармашылық әлемі және артында қалған рухани мұрасы туралы сыр шерттік.

— Лиза тәте, Дидахмет Әшімханұлы — қазақ журналистерінің бірқатарына ұстаз бола білген, аяулы есім. «Шерағаның шекпенінен шықтық» дейтін секілді, біз де Дидахманның тәлім-тәрбиесін көріп өстік. Алайда Дидахманның жазушылық ұстаханасы, өмірі, болмыс-бітімі сізге жақсы таныс. Ең алдымен, ол кісімен алғаш қалай таныстыңыз? Әңгімені осыдан бастасак.

— Менің туған жерім — Берел ауылы. Балалық шағым сол табиғаты көркем өңірде өтті. Әкем өмір бойы есеп-қисап саласында еңбек етіп, бухгалтерлік қызмет атқарды. Отбасымызда алты бала тәрбиелендік: үш ұл, үш қыз.

1970 жылы орталықтағы қазақ мектебін тәмамдадым. Алайда сол жылы денсаулығым байланысты жоғары оқу орнына түсе алмадым. Кейін аудандық кітапханаға жұмысқа орналастым. Дидахметпен таныстығымыз да дәл сол кітапханада басталды. Ол кезде оның әскер қатарынан келген шағы екен.

— Сіз таныған кезде аға жазушымен айналысып жүр ме еді?

— Дидахметпен алғаш танысқан кезде оның әдебиетке жақын адам екенін бірден аңғардым. Бір күні кітапханаға келіпті. Қандай кітап қажет екенін сұрап едім, қолындағы аудандық «Еңбек туы» газетін сұрады. Қолына газеттің жаңа нөмірін ұстаттым. Газетте оның «Бір тамшы баллада» деген өлеңі жарияланыпты. Дидахмет кеткен соң, оқып көрсем, жас болса да ойы терең, тілі көркем, ерекше әсер қалдыратын дүние екен.

Біздің ауданда мәдениет үйінің жанынан көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істейтін. Кешкілік жастар сонда жиналып, концерт қойып, өнер көрсететін. Сол үйірмеге автоклуб меңгерушісі болып істейтін Дидахмет те жиі қатысатын. Сонда оның тек жазуға ғана емес, өнерге де жақын жан екенін байқадым. Домбыраны керемет тартатын, әнді де нақышына келтіріп орындайтын.

1972 жылы жанымда құрбым бар, Дидахмет үшеуіміз ауылдан Алматыға бірге келдік. Оның оқуы сол кейінірек басталатын болған соң, уақытша АДК-ға жұмысқа орналасты. Ал сол жылы біз Қыздар институтына оқуға түстік. Дидахмет ҚазМУ-дің журналистика факультетіне қабылданды. Сол кезден бастап арамыз үзілмей, жиі араласып тұрдық.

— Қай жылы отау құрдыңыздар? — Біз 1975 жылы шаңырақ көтердік. Сол кезде екеуіміз де академиялық демалыс алып, Өскемен қаласында тұрдық. Дидахмет об-



Лиза САЯҚЫЗЫ, жазушының жары:

## ОНЫҢ ЖАНЫ ӘДІЛЕТСІЗДІККЕ МҮЛДЕМ төзбейтін



— Дидаға Алматыға қай жылы келді?

— Қызымыз дүниеге келгеннен кейін институттың сырттай бөліміне ауыстым. Дидахмет бір жылдай облыстық газетте еңбек етіп, кейін қайтадан ҚазМУ-дің журналистика факультетіндегі оқуын жалғастырды.

Алғашқы жылдары Алматыда пәтер жалдап тұрдық. Мен Горный гиганттағы кітапханада меңгеруші болып жұмыс істедім. Кейін қалалық кеңеске депутат болып, қоғамдық жұмыстарға араласа бастадым. Сол кезде Горный гиганттағы барак тәрзді үйлерден бір бөлме берілді. Ол уақытта кітапхана Алау совхозына қарайтын. Бір бөлмелі шағын пәтерді Дидахмет қолынан келгенше ыңғайлап, реттеп шықты. Үйдің ішін үшке бөліп, бір қабырғасына кітап сөресін жасап қойғаны әлі есімде. Кітапқа деген құрметі ерекше еді ғой.

Жүрегім ауыратыны бар, үйдің іші сыз тартып тұрады. Ауа тарылған кезде, жүрек жиі қысылады. Елден қонаққа келген бауырым мен келінім жағдайды көріп, «мұнда тұруға болмайды» деп, мені Катонға алып кетті. Сөйтіп, ұлым Дәулетті ауылда босандым.

Ол жылдары ақын-жазушыларға кезекпен пәтер берілетін. Дидахметтің де екі рет кезегі келгенімен, жағдайы төмендеу отбасыларға жаны ашып, соларға бере

салыпты. Оның кендігі мен адамға жаны ашытыны сондай еді. Кейін уақыт өте келе өзіміз де баспаналы болдық. 1985 жылы ұлымыз Дәулетті балабақшаға беріп, Оқушылар сарайына жұмысқа орналастым. Сол жылдың жазында Кәдірбек Сегізбаев аға тұрған пәтер бізге бұйырды.

Дидахмет еңбек жолын «Қазақстан пионері» газетінде бастады. Кейін «Қазақ әдебиеті» газетіне бөлім меңгерушісі болып ауысты. Одан соң «Заман-Қазақстан» газетінде редактор қызметін атқарды. Өмірінің соңына дейін «Түркістан» газетінде еңбек етіп, журналистика мен әдебиетке адал қызмет етті.

— Қаламгердің жазушылық ұстаханасы қандай еді? Ол кісі шығарманы қай кезде жазатын?

— Дидахмет табиғатты ерекше сүйетін адам еді. Қолы босай қалса, тауға шығып, табиғат аясында серуендегенді ұнататын. Әсіресе таудың тыныштығы мен саф ауасы оған шабыт беретіндей көрінетін. Шетелдерге сапарлағанды да жақсы көрді. Жаңа жер көріп, өзге халықтың мәдениетімен танысу оған ерекше әсер сыйлайтын.

— Ол шығармаларының тарихы туралы айтпайтын. Тек бітіргеннен кейін оқытып, пікірімді сұрайтын еді.

— Ол кісінің жастарға қамқорлығы ерекше болды. Үнемі жанында жас ақын-жазушылар жүретін. Дидахманның өзі де ағаларының қамқорлығын көп көрген сияқты.

— Катон-Қарағай ауданынан бірнеше жазушы-ақын шықты. Дидахметтің ағаларына ұқсамайтын өз стилі болды. Қалихан ағамызды «Қара сөздің нары» деп айтушы еді. Ол Оралхан ағаның өзіндік ерекше жазуы барын айтамын. Ал досы Әлібек болса, жазуды кейін бастады. Ауыл тіршілігі мен табиғатты суреттейтін, өздерінің саяхаттары туралы көбірек жазатын. Дидахмет көп қаламгерлермен араласты. Елге белгілі қаламгер ағаларымызбен қызметтес болды. Шерағанды жақсы көретін еді. Қалтай Мұхамеджанов ағамен дегеніне жақын болды. Сол кісілердің тәлім-тәрбиесін көп көрді. Сағат ағамен көрші болдық. Ол кісімен жиі кездесіп, пікір алмасатын. Дидахманның көп уақыты журналистикаға, газет жұмысына кетті. Бір-екі жылдай телеарнаға да шығып, «Отандастар», «Тазша бала» атты жобаларды жүргізді.

— Ағаның көп арманы ішінде кеткен сияқты... Ол кісінің жазам деген дүниесі, ойлары қандай еді?

— Ол туған жері — Алтайды, Шыңғыстайды үнемі сағынып жүретін. Ел жаққа деген аңсары бір сәт басылған емес. Үйімізге ауылдан ағайын-туыс, таныс адамдар үзілмей келіп жататын. Қонағымыз да көп болатын. Дидахмет елге жылына кемінде екі-үш рет барып қайтпаса, мазасы кетіп, «басым ауырып жүр» деп сағынышын білдіретін. Ауылдағы ағайынның әр мәселесіне араласып, қолынан келгенше көмектесуге тырысатын. Туыстарына қамқорлығы ерекше еді. Тіпті бауырларының көбі біздің қолымызда өсіп, ержетті. Оның адамға деген жанашырлығы мен туысқа деген кең пейілі отбасында да, айналасында да айқын сезіліп тұратын. Соңғы уақыттарында баспа жағына көп көңіл бөлді, бірақ газет қызметін де тастамады. Сондықтан өзінің творчестволық жұмысы тұралап қалған секілді. Әттең, жазам деген дүниелері көп еді...

— Балаларыңыздың, немерелеріңіздің бойынан ағаға тән қандай дүние байқайсыз?

— Балаларым да, немерелеріміз де қазақы тәрбие алып жатқан жайы бар. Қызымның да, ұлымның да балалары домбыра, қобыз, жетігенде ойнай алады және кітап оқуды жақсы көреді. Аталарын әрқашан естеріне алып, шығармаларын оқып отырады. Былтыр 75 жылдығы Катон-Қарағайда ерекше аталып өтті.

— Өзі ерекше жақсы көрген Қалағасы (Қалихан Ысқақ) да, өзі де туған топырақта жатыр. Ауылға жиі барасыз ба?

— Өзінің жақсы көретін еліне, жеріне жетіп, тыныш тапты ғой. Балалары, немерелерімен барып, жылда Құран бағыштаймыз. Катон-Қарағайда балаларының, туыс, достарының қолдауымен ескерткіші дәл мәдениет үйінің алдында орнатылды. Жерлері де, қонаққа келген адамдар да міндетті түрде ескерткішті көруге бұрылады және сол жерде фотоға түседі. Жақсы адамды ұмытпай, жадында сақтап жүргендерді көрсем, қуанып қаламын.

— Әңгіменізге рақмет!

Әңгімелескен  
Гүлзина БЕКТАС

## ПАРАСАТ

6 MAУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Қарақалпақстан жақтан қара үзіп шығып, көкірегінен Амудария мен Сырдария толқындарын қатар ағытып, қазақы жырдың легімен, Оңтүстіктің оттай ыстық лебімен Айбергенов шықты атойлап. Ойлы өлеңнің қайнарында, өзінше бір әлем болып Жүмекен жатты жыр жайлауында.

Міне, осы кезде, сонау Торғайдың бір толқыны болып Кеңшілік қосылды қазақ поэзиясына. Кеңшілікпен бірге қазақ поэзиясына тың бір екпін, ерекше толқын тоғысты. Кеңшілік бірден келген бетте қазақ өлеңіне өзгеше рен, әр рух әкелді.

Кеңшілік өлең өлкесіне қазақ киіз үйінің туырлығына сіңген түтін иісін, қазақ тарпаңының мінезін, қазақ қымызының дәмін, қазақ қызының қылығын ала келді. Осылайша, қазақ өлеңінің легіне Торғайдан тай болып қосылған Кеңшілік келе-келе, желе-желе аз жылдардың ішінде өзі де жыр тұлпарына айналды.

Әкеден ерте айырылып, жетімдіктің тақсиретін тартқан менен гөрі Кеңшілік ат арқасына мінгенше ата-анасының құшағында асау тайдай, бұғалыққа бағынбай еркін өсті. Екеуміз қатар өсіп, бірге жүріп, тай-құландай тебісіп, орта мектепті ойдағыдай бітіргеннен кейін, ол бірден Алматыға аттанды. Мен аз жылдар Торғайдағы аудандық газетте аялдап қалдым.

Кеңшілік Алматыға келген бетте әдеби ортаға күрп етіп кіріп, бірден сіңісіп кетті. Бара сала маған қайта-қайта хаттар жазып, Алматыға шақыра бастады. Сол хаттардың біразы менің архивімде әлі күнге дейін сақтаулы, біраз бөлігі баспа-сөзде де жарияланды. Енді сол кезде Кеңшіліктің көзімен, ойымен жазылған хаттағы кейіпкерлердің кейпіне назар аударалық. Алғаш көзі көрген жас тұлғандардың кейін хас қыранға айналғанын Кеңшілік сол кезде-ақ бағамдап қойғандай:

«Әбіш Кекілбаев. Паң. Құдай маңғаздықты өзінен аямаған. Келбетіне қыз қырылады. Сол пандығына карамай сондай кішіпейіл, барсаң арқаннан қағады. КазГУ-дің филфағын бітірген...

Тұманбай. Тебінгідей көзілдірігі бар, қарттарға тым жақын ғой деймін. Өлеңі қандай от болса, өзі де сондай. Тым сезімге жүйрік адам-ау шамасы деп түйдім.

Жүмекен Нәжімеденов. Өте ойлы. Адамдығы, жастарды түсінуі, Қалиханның Қасымын түсінуі бәрі-бәрі керемет. Келбетті. Ресторанға көп барады-ау, «Қазақстанның» алдынан жиі көрем. Қадыр таныстырған. Өзі түк оқу бітірмеген. 9-шыны жартылап оқуды аяқтапты. Қазір «Қазақ әдебиетінің» поэзия бөлімінде бірдей бастық.

М.Мақтаев. Сенен сырт түрі бір аусайшы. Оны көргенде сені көргендей болам, нансан...

Ақындар көп, бәрі тамаша. Серігім, сенен шын ақын, нағыз ақын шығады. Сау бол. Құшақтаймын. Сағындым сені, тірі Тұрғынбек!

Кеңшілігің, Кентайың, Кеңпейілің, Кеңің.

9.11.64 ж.»

Міне, осыдан 60 жыл бұрын жазылған хаттың кейіпкерлері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, Кеңшілік болжағандай болып шыққанына таңғалмасқа шараң жоқ.

Мектеп бітірген соң менен екі жыл бұрын Алматыға кеткен Кеңшіліктің хат арқылы болса да жолдаған лебіздері мені қатты қызықтырып, бірте-бірте астанаға аңсарым ауа бастады. Әкеден ерте айырылған, жастай жетімдіктің зардабын тартып, Алматыға бара алмай, пұшайман көңілде жүрген мен екі жыл өткен соң астанаға жеттім-ау, әйтеуір.

Бізді Кеңшілік бір топ жерлес жігіттермен бірге 2-Алматы вокзалынан қарсы алды. Сол күннен бастап Кеңшілік екеу-

Өткен ғасырдың 60–70-жылдары қазақ поэзиясының даңқы шығып, дәуірлеген тұсы еді. Алдыңнан Алатаудың самалы ескендей ерке сылқым күйімен тамылжыған Тұманбай өлеңдері, мұңы мен сырын ішке бүгіп, алқына, талпына шарқ ұра шыққан Мұқағали мақамдары, әр сөзі сақаға құйған қорғасындай ақыл мен парасаттың парқын сездіретін Қадырдың қастерлі жырлары, көктем күніндей елжіреп, көктем гүліндей үлбіреп тұрған Сағи саздары.

міздің іргеміз бір сәт бөлінген емес. ҚазМУ-дің журналистер даярлайтын факультетіне сырттай түсіп, баяғы балалық күндерімізді жастық жылдармен жалғастырдық.

Алматыдағы ауылдас ағаларымыз — сол кездің өзінде атынан ат үркетін атакты ақындар Ғафу, Сырбайға бірден бара алмай, өзімізге өзі де, өлеңі де етене жақын Тұманбайды тауып алдық. Тұманбай Жазушылар одағына орналасқан баспада жұмыс істейді екен. Екеумізге де кезек-кезек өлең оқытып, әлгі жерде тәңгі болды да қалды. — Осында атакты ақын ағаларың — Сырбай мен Ғафу бар, соларға сәлем бердіңдер ме? — деп сұрады. Біздің «бірден өзіңізге келдік» деген жауабымызды естігеннен кейін, Тұмағанды орнынан тұрып, жазу столындағы қағаздарын жинастыра бастады. Көшеге шықты. Тұратын үйі Жазушылар одағынан онша алыс емес екен. Әлі көз алдымда, екі қабат ағаш үй. Сондай үйлер сол арада қатар-қатар сап түзеген екен. Солардың біріне кірдік. Көнеден келе жатқан ескі үй екенін біздің таңырқай карағанымыздан бірден байқаған Тұмағанды:

— Бұл үйде баяғыда, ең алғаш Бейімбет Майлин тұрған. Одан кейін Мұхамеджан

**Кеңшілік өлең өлкесіне қазақ киіз үйінің туырлығына сіңген түтін иісін, қазақ тарпаңының мінезін, қазақ қымызының дәмін, қазақ қызының қылығын ала келді.**

Қаратаев... — деп біраз әңгіменің басын қайырып тастады.

Үйде, шағын столда дәм дастарқаны дайын тұр. Үйінде бір емес екі анасы бар екен. Бірі дастарқанға сары бауырсақтарды төкті, екіншісі кәрлен кесемен қымыз ұсынып тұр. Біз жас болсақ та жатсынбай, үлкенге жасағандай ізет көрсетіп, дәм ұсынған қос анаға таңғалысымызды жасыра алмадық. Кеңшілік екеуміз осы сәттерді көпке дейін тамсана әңгімелеп жүрдік.

Тұманбай аға менің қырық жасқа келгенде жазған өлеңінде «Ең алғаш мені іздеп келгеніңмен, кейіннен ағаларыңды алдың тауып», — деп айтқан назы бар.

Айтса айтқандай, келе-келе Сырбай, Ғафу ағалардың қасынан табылып, ол кісілердің мерейтойларында, үй іші дастарқан басында жиі араласып, дәм-тұз татысып, жанымыз жарасып кеткені рас еді.

Кеңшілік, ең бастысы, ақын еді. Ақын болғанда да, есімі үлкен әріппен жазылатын, ешкімге ұқсамайтын, текті де тентек ақын еді. Тектілікке тентектігі қосылғанда, ол тіпті онан сайын дараланып, тұлғаланып шыға келетін. Өзінің ұнатпаған адамы болса, одан ықпай, именбей, бірден тура бетке айтып тастайтын. Өлеңде де сондай өр мінез, кесіп айтып, кесек тұрайтын.



## Кең сілтеп,

Өзінің бойына да, ойына да тән еркіндік пен еркелік өлеңінің әр сөзінен өрнек тартып, көзге ұрып тұратын.

Ал өлең оқыған кезде арқаланып кетуші еді. Кейбір кездесулерде, үлкен жиындарда тақырып аясында тарылып қалмай, өзінің жанына жақын өлеңдерін тартынбай оқи беретін.

Бірде ҚазМУ-дегі поэзия кешінде жетекші Сұлтанғали Садырбаевты әбден састырыпты.

Кеш «Лениннің 100 жылдығына» орай өтіп жатқан екен. Мен сол кезде ел жақта жүріп ол жиынға қатыса алмадым. Бірақ соның алдында Кеңшілік маған «Өгіз» деген өлеңін оқып берген болатын. Ол кезде Тұрсынзада Есімжановтың дүрілдеп

талай естіген сөздерім. Алайда Кеңшілік сол елден естіген есті сөздерді әңгіме, мақалаларында әдіптеп жеткізіп, әсерлі баяндайтын. Көркемдік кестесін келістіріп, кіріктіріп жіберетін.

Кеңшіліктің оқиғалы істері, әзіл-қалжыңдары бірінен бірі асып жататын.

Торғайда Жүрген деген құрдас-дос жігітім болды. Кеңшілікке туыс, маған нағашы болатын. Сол Жүргенге Кеңшілік былай депті:

— Әй, Жүрген! Сен «Абай жолын» бір оқып көрші. Ал анау Тұрғынбеков «Абай жолын» әлі оқыған жоқ!

Мен бұл сөзді естіген соң ішек-сілем қатып күліп жатырмын.

Есіме Кеңшіліктің біздің үйде жатып бір жыл қызмет істегені түседі. Ол кезде «Жетісуда» істеп жүрді-ау деймін. Алақандай бөлмедегі жазу столына екеуміз сыйыса бермейміз. Бір жақсысы, Кеңшілік жазуды шамның жарығымен түнде жазады. Мен болсам, жазу столына танертен ұйқымы әбден қандырып алып, шәй-пәйімді қанып ішкен соң түске таман отырамын. Түні бойы «Абай жолын» оқимын. Кейде Кеңшілік маған пейіл бөліп: «Әй, Тұрғынбеков, түні бойы кітап оқып миыңды қатырғанша, ұйықтасаншы!» дейтін. Мен «Абай жолын» бетіме бүркеген күйі танертен бір-ақ тұратын едім. Енді кеп Кеңшіліктің айтқаны — мынау.

Бұған күлмегенде не істерсің?! Шіркін, Кеңшіліктің мұндай қызық қылықтары көп болушы еді-ау. Біразын баспасөзге жариялаған кездерім де болды.

ҚазМУ-ден бір кіріп, бір шығып ұзақ жыл оқыдық.

Бір күні Кеңшілік:

— Серік Сәрсенович (кейде әдейі солай сөйлейтін), сені құттықтаймын! — деді.

— Не үшін?

— Оқуда озық болғаның үшін.

— Сондай қалай?

— Мен ҚазМУ-де — 12 жыл, сен бақандай 13 жыл оқыпсың. Бір жыл болса да менен көп оқып, мықты білім алыпсың, — деп мысқылдайды ғой баяғы.

Сол ҚазМУ-ден алғашқы жылдары жиі шығып кетіп жүрдік. Сол Алматыда жүріп, қысқы сессияға қатысуға уақыт таппағанымызды айтсаңшы. «Қысқы сессияға қатыспады» деп оқудан шығарып жіберген қағаз келді екеумізге де.

Жазғы сессияға ілігу үшін әрекет жасап, деканатқа күнде барамыз. Маңына жолат-

## ПАРАСАТ

6 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

пайды. Сол кезде жауапты хатшы — Темірбек Қожакеев. Кейін көп жылдар жұрфакта декан болып істеді ғой. Ол кезде Қожакеевтің жап-жас жігіт кезі. Жалындап тұр. Жанына жолатар емес.

— Бар, бар! Торғайыңа барып жұмыс істендер, кейін келесіндер! — дейді.

Сонымен, оқуға қайта түсе алмай пұшайман күйде жүргенде, бір күні ұстазымыз, елде ағамыз, осы күнгі қайраткер-жазушы, журналист Әбілпейіз Ыдырысов кездесе кетті.

Хал-жайымызды сұрап білген соң, бізге ақыл берді:

— Сендер бүйтіп сенделіп жүре бермендер. Ректорға кіріңдер. Ректор — торғайлық Асқар Закарин деген кісі, парасатты, білімді адам. Көпті көрген, Отан соғысына қатысқан.

Біз шошып кеттік:

— Ойбай, ректорға қалай кіреміз, деканаттың өзіне жолатпайды?

— Есебін тауып кіріңдер. Кірсеңдер болды, еңселерің түсіп шықпайды, қалайда қабылданасыңдар, — дейді.

— Биыл су қатты тасыды.

— Ағыл-тегіл, — деп қосып қойды Кеңшілік. Ректор мойын бұрмаған қалпы, көзін жұмып, ойға батып, толғанып отырды да:

— Сонда Торғайдың қай тарабынан боласыңдар? — деді.

Мен:

— Тосыннан! — дедім.

Кеңшілік:

— Қызбелденмін! — десін. (Қызбел Закириннің туған ауылы. Соны білген Кеңшілік әдейі айтып отыр). Ректор бізге мойын бұрды. Кеңшілікке қарап: — Қызбелде кімнің баласысың? — деді. Кеңшілік Қызбелде болмаған. Мүдіріп қалды. Мен аудандық газеттің тілшісі ретінде Қызбелде талай рет болған. Сөзге мен араластым:

— Бұл Мұхтар Дәуеновтің баласы. (Ферма менгерушісі. Қызбелге барғанда осы кісінің үйінде жатқанмын).

— Мұхтар, Мұхтар! — деп ректор бізге тағы да мойын бұрып. — Мұхтар Дәуенов, иә, ол бізге нағашы, ол да соғысқа аттанып еді, е, аман екен ғой...

— Иә, аман, жақсы жүріп жатыр.

— Тында, Темірбек, бұлар қалай болғанда да шалғай алыс ауданнан келіп тұр ғой. Бір тәужімін жаса! — деді. Қипалақтап қалған Қожакеев:

— Тізімді бекітіп жібердік қой, — деп қалды.

— Ештеңе етпес, маған қайта әкел. Қожакеев бізге зілдене бір қарады да, зып етіп шығып кетті.

Отырып қалған бізге Закарин:

— Бар, барыңдар енді! — деді.

Ызаланып барған Қожакеевтің кабинетіне батылымыз барып кіре алсақшы. Біршама төңіректен жүріп қалдық. Бір кезде Кеңшілік:

— Әйда кеттік! — деді.

— Қайда?

— Ресторанға.

— Не үшін?

— Оқуға түскеніміз үшін.

— Қайдағы түскен?

— Ректор айтқан соң, олардың орындауға қақысы жоқ! Өздері шақыртып алады!

Ақыры Кеңшіліктің айтқаны келді. Бұл ҚазМУ-де алғашқы шыққан кездегі оқиға

(«Ешкі қырылған» деген сөз ғой) деген жерде дүниеге келген.

Егер тірі болса, Кеңшілік те 80-ге толып, тойын тойлап жатар еді. Әйтсе де, оның мәңгілік ғұмыры — артында қалған қазыналы шығармалары тірі күніндегідей талай тойдан артық және мәңгілік екені даусыз.

Кеңшілік туралы толғанысымды өлеңмен түйіндегім келіп отыр. Ол тірі болғанда бұл өлеңім бәлкім, мақтау-мадаққа тола болар ма еді, енді міне, жазған жырым мұңлы сырға қарай бейімделе берді:

*Ақсұңқардай сағат сайын түлеген,  
Ақын едің аузын айға білеген.  
Зарланады көңілімің гөй-гөйі,  
Арналады тағы саған бұл өлең.*

*Бауырым ең,  
Бала болып бірге өскен,  
Тәуірім ең,  
Дана болып тілдескен.  
Жұлдыздарын бірге санап  
Аспанның,*

# Кемел тыныстаған

Ректордың кабинетінің алды ығы-жығы адамнан босамайды. Бірі кіріп, бірі шығып жатыр. Кейде тіпті, қабылдау бөлмесіндегі былғары ұзын диванда кезек күтіп, қалғып-шұлығып отырған қарт кісілерді де көріп қаламыз. Біз сияқты «студенттерді» тіпті жолатпайды. Осы тығырықтан Кеңшіліктің бір ауыз сөзі алып шықты. Есік алдындағы хатшы қызға:

— Қарындас, Торғайдан кісілер келіп тұр деп хабарлаңызшы, — деді.

Хатшы қыз зып етіп ішке кіріп кетті де, бөгелмей қайта шықты.

— Торғайдан келгендер, кіріңіздер! — деді. Сол сәтте қолына бума-бума қағаз ұстаған, папка көтерген екі-үш адам қабағтаса кіре берген. Біз де солардың қапталымен кабинетке кіріп үлгердік. Ұзындығы атшаптырым кабинеттің түкпірінде ректор отыр екен. Бізбен бірге кірген кісілер қағаздарын сапырылыстырып көрсетіп жатты. Біз үлкен кабинеттің терезе жақ тұсында үш-төрт орындық тұр екен, соған жайғастық. Қағазды кісілер біршама алданып, өзара әңгімелесіп, асықпай шықты. Біз болсақ іргедегі үстелдерде сол күйі отыра бердік. Ректор жалғыз қалды. Бізге мойын бұрып, көзін де салар емес. Бір кезде ректор көзін жұмып біраз ойланyp отырды. Еңгезердей, зор тұлғалы кісі екен. Сәл сұстылау көрінді. Өзімен-өзі сәл ойланып отырды да, бір кезде үстелдегі кішкене түймедей «кнопканы» басып қалды. Зың ете қалған дыбыспен ілесе әлгі хатшы қыз төбе көрсетті.

— Қайда әлгі торғайлықтарын, қайда?!

— Хатшы қыз апалақтап, сасып қалып, кейін шегіне берді. Сол кезде іргеден отырған Кеңшілік:

— Торғайлықтар, біз боламыз! — десін. Ректор бізге еріксіз мойын бұрды. Басы-аяғымызға барлап қарады да:

— Қайдан келген балақайсыңдар?

Екеуміз қосыла:

— Торғайдан. — Торғайдан! — дестік.

— Қане, айтыңдар, шаруаларыңды тезірек!

— Біз зуылдата жөнелдік.

— Торғайда аудандық газетте істеуші едік. Қыс қатты болды. Аудандық партия комитеті науқанға керексіңдер, — деп бізді оқуға жібермеді (Әбілпейіз аға тура осылай дендер деген).

Жаттап алған сөзімізді зуылдатып айтып шықтық. Ректор бізге мойын бұрмастан:

— Е, қыс қатты болды дендер. Торғайда 3-4 жылдан бері су тасымай елді титықтатып тастады деп еді, биыл қалай болды?



Ректор түймедей «кнопканы» қайта басты. Хатшы қыз кірді.

— Шақыр, әлгі Қожакеевті.

Кеңшілік екеумізге зәре қалмады. Қазір ол бізді жамандайды. Кешікпей-ақ кіріп келді. Ректор кабинетінде отырған бізді көріп Қожакеевтің көзі атыздай боп кетті. Бірақ сыр білдірмеді. Ректордың алдына барып отыра қалмай Қожакеев қаздырып түрегеп тұрды. Нәтінде асықпай сөйлейтін Асқар Закарин сөзді баяу бастап:

— Мына балалар менің туған жерімнің балапандары екен. Біздің ел шалғай ғой. Сонау Торғайдан жеткенше қысқы сессияға үлгіре алмай қалыпты. Оқудан шығарып жіберіңдер. Енді осы балалардың оқуын қайтадан восстановить етіңдер! — деді.

Қожакеев ыршып түсті:

— Мен бұл балаларды жақсы білемін. Өздері өлең жазады. Анау үлкен ақындарға еріп, ресторанның маңынан шықпайды. Осы кулар қысқы сессия кезінде де осы Алматыда болды-ау деймін...

Біз жамырай сөйлеп:

— Жок, Торғайда болдық.

— Торғайдан жақында ғана келдік, — деп жатырмыз.

Қожакеев бізге қарап басын шайқады.

Ректор тағы сол жай сөйлеген қалпын бұзбастан:

еді. Одан кейін, талай шығып, талай кірдік қой.

Айта берсе, Кеңшілік туралы әңгіме ешқашан толастамас еді.

Мен Кеңшіліктің азаматтығы мен ақындығы жайлы, өзі өмірден өткеннен кейін біраз басылымдарда ой толғаппын. Солардың бірінде былай деген екем: «Көзінің тірі кезінде де Кеңшілік өз тұрғыластарымен салыстырғанда кітап шығарудан кенже қалып, кенделік көрген емес. Замананың зардапты қайшылықтарына килігіп, қайшыға іліккен бірен-саран өлеңдері болмаса, жалпы, сол кездің өзінде оқырман ілтипатына іліккен Кеңшілік жырлары көп аса қиянат көрмей, қайшыға түспей, оқырманына түгел жетіп жатты. Қашанда кең сілтеп, кемел тыныстайтын. Кеңшіліктің әдеби сыннан да «әттеген-айы» аз болса керек».

Ақын үшін ең басты бақыт — оқырманның ыстық ықыласына бөлену. Кеңшілік — осы бақытқа көзінің тірісінде ие болған санаулы санлақтардың бірі.

Кеңшілік өзінің туған күні 6 маусымды дәлел етіп «Пушкин екеуміз бір күнде дүниеге келіппіз» деп мақтана сөйлейтін. Айтса айтқандай, Кеңшілік 1946 жылы 6 маусымда Ақшығанақ ауылына жақын, Торғай өзенінің бойындағы «Ешқырған»

*Асық атып,  
Асау тайға мінгескен.*

*Көңіл қалмай  
Аққудан да, тотыдан  
Махаббаттың өлең ұрлап отынан.  
Құрдасым ең,  
Қалжыңдасып қағысқан,  
Сырласым ең,  
Бір сыныпта оқыған.*

*Бал шараптың кермек дәмін татысып,  
Ашық күнде шығушы едік шатысып.  
Алматыда алашаң басып жүрдік қой,  
Алатаудың ақ жамбысын атысып.*

*Талай жерге жете білген батылы,  
Қаз дауысты —  
Қазағымның ақыны.  
Биік қырға бірге шыға бергенде,  
Мені тастап кете бардың ақыры.*

*Көнбеуші едің жетекке де, қамытқа.  
Неге қидың, неге сыйдың табытқа.  
Өзің барып жатып алып жұмаққа,  
Мені тастап кете бардың тамұққа.*

*Бүгін дүние,  
Алас-күлес қарбалас.  
Заман туды,  
Жоққа — көнбіс,  
Барға — мас.  
Баяғыдай майлы сүйек кемірмей,  
Көрегіміз — шеттен келген арзан ас.*

*Байқағаным —  
Маған тықыр тақады.  
Шалға айналдым, жып-жылмағай сақалы.  
Баяғыдай айта алмаймын әніңді,  
«Бұрылтайдың» бұзылған соң мақамы.*

*Баяғының әуені — жат, күйі — жат.  
Сен жатырсың жақсыларды жиып ап...  
Жердің бәрі кеткеннен соң сатылып,  
Төрден орын алып жүрген досыңа,  
Көрден орын бұйыра ма?..  
Қиын-ақ!*

*Ақын досым!  
Жан сырымды білдің бе?  
Арулар аз, ұсынамын гүл кімге?!  
Алашаққын жанталасқан заманда,  
Өлуге де уақыт жоқ бұл күнде!*

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ

## РУХАНИЯТ

6 MAУСЫМ 2026 | СЕНБІ

## ЖАНСАРАЙ

Ең алғаш Ғабит Мүсіреп деген есімді газеттен оқығанда таңғалған едім. Тіпті, іштей қызыққан да сияқтымын. Атақты жазушымен аты-жөнің бірдей болу, бірдей болып қана қоймай, ол таңдаған жолға түсу тағдырдың үлкен сыйы ғой деп түйгенмін. Маған ол кезде газетте істейтін адамның бәрі жазушы, бәрі атақты, қазіргі тілмен айтсақ – жұлдыз! Ал жұлдызға қол жетпейді. Жүрегінің түпкірінде «жазушы болсам» деген арманын әлдилеген қиялшыл бала сол себепті де Ғабит Мүсірепті «тірідей көремін» деп қиялдаған да емес-ті. Алайда тағдырдың тосынсыйлары көп қой. Ғабит ағаны көзбен көріп қана қойған жоқпын, кеңесін тыңдап, көмегін де сезіндім.

2008 жылдары интернет өмірімізге ептеп ене бастады. «Агент» деген «ақ бұлаққа» жаппай бас қойған жастармыз. Сол «агенттің» арқасында еліміздің түпкір-түпкірінен сапалы достар, саналы сырластар таптым. Оған себепкер болған «Нұр-Астана» жастар апталығы еді. «Нұр-Астана» уақыт тынысын тап басқан, жанашыл, нағыз жастардың газеті болды. Бір нөмерінен бір нөмері қызықты. Іздеп жүріп оқимыз. Оның үстіне, менің жақын достарым Ғанибет Ғалымбекұлы, Арнұр Асқар сол газетте қызмет істейді. Астанаға барған сайын оларға соқпай кетпеймін. Әңгімелерін аузымнан суым ағып тұндаймын. «Неткен бақытты» деп тамсанып кетемін. Олар бас редакторы Ғабит Мүсірептің тақырыптарды құлпыртып жіберетінін, бағыт сілтеп, жөн көрсетіп отыратынын, жастарға деген қамқорлығын жарыса айтады. Шынында, ондай редактордың қарамағында жұмыс істеу де бір бақыт қой... Және бір қызығы, «Нұр-Астанада» жарық көрген

## ЖАСТАРДЫҢ ЖАНАШЫРЫ

мақаланың астында автордың логині тұрады. Сол кез үшін бұл тапқырлық еді. Оны көріп, менің де мақала жазуға ықыласым ауды. Достарым ойымды бірден құптады. Сөйтіп, азды-көпті дүниелерім шыға бастады. Келесі бір барғанымда Ғабит ағамен жолығып, қолтаңбасымен кітабын сыйға алдым. Бұл – менің өмірімдегі ұмытылмас сәттің бірі.

Кабинетіне жасқаншақтай кірген едім, аға жайсаң мінезі, даладай дархан болмысымен бірден өзіне баурап алды. Ол кісі әдебиетке бейім талапты жастардың бәрін назарда ұстап отырады екен. Әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, сүйсіне сөйледі. Әр сөзінен жаңашылдығы, жанашырлығы сезіліп тұрады. Ыждаһатпен тыңдап, ағаның ықыласы түскен «болашағы барлардың» тізімінде жүргеніме тәуба қылғаным есімде.

Ғабит ағамен танысу жаңа тынысымды ашты. Ол кісі басқа қызметке ауысқанша, «Нұр-Астанаға» жана жазған дүниелерімді жіберіп тұратынын. «Тектінің

тұяғы» атты дүниемді жастар газетінде бастырған да аға болатын. Кей-кейде маған да тақырып ұсынған кезі бар.

Ағаның бір жақсысы қара мақалаға салып қоймайды, «қалжың араластырып, астарлап жеткізуге тырыс. Біз – жастардың газетіміз. Жастар оқитындай қызықты болсын», – деп кеңес беретін. Бірде «осы бәрі «кризис» деп шулап жатыр. Кредит алып, төлемей, ақыры қарызға белшесінен батқандар көп. Сол туралы жазып көрші» деп ұсыныс айтты. Шынында, қаржылық сауатсыздық, жауапкершіліктің жоқтығынан келеңсіздікке ұшырағандар ол уақытта тым көп еді. Мені қинағаны кейіпкер табу емес, «жеріне жеткізіп жаза алмай қалсам, Ғабит ағаның сенімін ақтамай қалам-ау» деген қауіп еді. Ойласа келе, «онай жол» – сатираға сүйендім. Осылайша, Мұхтар Шахановтың ізімен жазылған «Кредиттің күйрегі немесе ала өгіздің ажалы жайлы дастан» деген пародиям дүниеге келді. Дәл осы туындым

арқылы көп адамнан достық қабылдап, агентте біраз талқылаған едім.

Ғабит аға басқарған тұста «Нұр-Астана» басылымы қазақ жастарын бір рухани ортаға біріктірді. Көптеген жаңа авторлар тартты. Ең бастысы, газет оқырмандары сан-саланың өкілдері болатын. Дәрігер де, мұғалім де, малшы, құрылысшы жастар да қызыға оқитын және газеттегі материалды өзімізше талқылайтынбыз. Бұл шамалы редактордың қолынан келе бермейтін іскерлік, жанашылдық. «Нұр-Астана» сол уақытта қаламақы беретін мен білетін жалғыз газет еді. Бұл да жастарды қызықтырудың тура жолы болды деп ойлаймын.

Ағаның қызмет ауыстыруымен бірге газетпен байланысымыз үзілді. Алайда біз ол кісінің көзінен кеткенмен, көңілінен кетпеген екенбіз. Өмір ғой, кейде түрлі тапсырыспен өткізінші тақырыптарға жазатынымыз белгілі. Бірде елімізде өтетін Халықаралық іс-шараға гимн жазу туралы тапсырма түсіп, оның мәтіні мен өрген едім. «Егемен Қазақстанның» Костанай облысындағы меншікті тілшісі

Нәзира Жәрімбет төтем оны мәдени жаңалық ретінде газетке ұсынады. Дегенмен материал қабылданбайды, Ғабит аға: «Абылайдың арнаушылап кеткені несі, өткізінші дүниеге шабытын қор қылма-сын», – депті. Бұл деген үлкен жауапкершілік қой. Сені сыртыңнан қарап, жанашырлық танытып, қаламыңның қалт кетпеуін қадағалап отырған үлкен жандардың барын сезінудің өзі аз салмақ емес.

Ғабит аға – өзі аттас қаламгердің атына сын келтірмей алып келе жатқан тұлға. Бойдағы бар қажыр-қайратын мемлекет мүддесі, ел игілігі жолына арнаған қалам иесі. «Рухыңды түсірме, ұлым» кітабын оқыған адам авторының қандай кең ауқымдағы тұлға екенін сөзсіз ұғынады деп білемін.

Екі жыл бұрын «Қазақ әдебиетіне» бір әңгімем шықты. Сол күні кешке Ғабит аға қоңырау шалып, пікірін айтып, тілектестігін білдірді. Жазғаныңды біреуге жалынып оқыта алмайтын заманда, арнайы уақыт бөліп, кеңесін берген Ғабит ағаның кен жүрегіне шынымен риза болдым. Дүниеде ниеттің тазалығынан артық не бар!

Ғабит аға – тегін адам емес, тұмарлы тағдыр иесі. 1966 жылы алтыншы айда алтысы күні дүние есігін ашыпты. Өмірін «алтылықтар» орап алған ағамыз Алты Алашына адал, абыройлы қалпында алпыс деген асқарға аяқ басып отыр.

Жақсылыққа құмар, жастарға жанашыр жүрегіңіз жүзге дейін соға берсін, аға!

Абылай МАУДАН,  
Жазушылар одағының мүшесі

## ДОДА

# ТҮРКІСТАНДАҒЫ ТАРТЫСТЫ БӘСЕКЕ

Түркістан қаласында байдарка мен каноэде есуден 18 және 23 жасқа дейінгі спортшылар арасындағы Азия чемпионаты мен параканоэден Азия чемпионатының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Азия құрлығының түкпір-түкпірінен келген жас спортшылардың басын қосқан беделді халықаралық жарыс Қазақстанның рухани астанасы саналатын Түркістанның әлемдік спорт кеңістігіндегі орнын айқындай түсті.

**А Назгүл НАЗАРБЕК,**  
Түркістан облысы

Халықаралық деңгейдегі жарыс Түркістан қаласында халықаралық стандарттарға сай салынған заманауи ескек есу арнасында ұйымдастырылып отыр. Азия чемпионатының Қазақстанда, оның ішінде Түркістанда өтуі еліміздің халықаралық спорт ұйымдарымен байланысының нығайып, өңірдің ірі спорттық іс-шараларды өткізу әлеуетінің артқанын көрсетеді.

Биылғы құрлықтық додаға Азияның 15 мемлекетінен 300-ге жуық спортшы қатысуда. Атап айтқанда, Вьетнам, Гонконг, Үндістан, Ирак, Иран, Жапония, Корея Республикасы, Қырғызстан, Макао, Өзбекстан, Сингапур, Тайланд, Тәжікстан, Қытай Тайбэй және Қазақстан құрамалары өзара бақ сынап, құрлық чемпиондары атағы үшін жарыс жолына шықты. Чемпионаттың ашылу салтанатына мемлекеттік органдардың өкілдері,

халықаралық спорт ұйымдарының басшылары, жаттықтырушылар, спорт ардагерлері мен жанкүйерлер қатысты.

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров қатысушыларды халықаралық жарыстың басталуымен құттықтап, Түркістанның соңғы жылдары мәдени, туристік және саяси орталықпен қатар халықаралық спорт орталығына айналып келе жатқанын атап өтті. Өңір басшысының айтуынша, бүгінгі чемпионат Азия мемлекеттері арасындағы спорттық байланысты нығайтып қана қоймай, халықтар арасындағы достықты, өзара құрмет пен ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді. Бұл халықаралық жарыс жастар арасындағы спортты дамытуға, салауатты өмір салтын насихаттауға және халықаралық серіктестікті кеңейтуге бағытталған маңызды алаң саналады.

Сондай-ақ облыс әкімі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес



елімізде бұқаралық және кәсіби спортты дамытуға ерекше көңіл бөлініп отырғанын атап өтті. Соның нәтижесінде Түркістан облысында спорт инфрақұрылымы қарқынды дамып, халықаралық талаптарға сай жаңа нысандар пайдалануға берілуде. Бүгінде облыс аумағында 3 595 спорт нысаны халық игілігіне қызмет көрсетуде. Соңғы жылдары өңірде ондаған жаңа спорт кешені бой көтеріп, жастардың спортпен тұрақты айналысуына қолайлы жағдай жасалды. Солардың ішіндегі ең бірегей жобалардың бірі – Түркістан қаласындағы халықаралық стандарттарға толық сәйкес келетін ескек есу каналы.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин өз сөзінде халықаралық жарыстардың жас спортшылардың тәжірибе жинақтауына және еліміздің спорт саласының дамуына зор ықпал ететінін айтты. Сонымен қатар мұндай жарыстар Қазақстанның халықаралық спорт қауымдастығындағы беделін арттыруға мүмкіндік беретінін жеткізді. Азия каноэ конфедерациясының президенті Праншант Кушвахада Түркістандағы спорттық инфрақұрылымға жоғары баға беріп, жарыстың ұйымдастырылу деңгейі халықаралық талаптарға толық сәйкес келетінін атап

өтті. Оның айтуынша, Түркістанда қалыптасқан заманауи спорттық база болашақта Азия ғана емес, әлемдік деңгейдегі жарыстарды өткізуге мүмкіндік береді.

Айта кету керек, Түркістан қаласының жаңа әкімшілік-іскерлік аймағында орналасқан ескек есу арнасы өткен жылы пайдалануға берілген болатын. Жалпы аумағы 99 гектарды құрайтын спорт кешенінің канал ұзындығы 2,2 шақырымға, ені 260 метрге жетеді. Су сыйымдылығы 2 миллион текше метрді құрайтын нысан халықаралық талаптарға толық сәйкес келеді.

Кешен аумағында 1 000 орындық заманауи трибуна, спортшыларға арналған арнайы жаттығу залдары, күштік дайындық орталықтары мен қалпына келтіру аймақтары қарастырылған. Мұнда халықаралық жарыстар өткізуге, сондай-ақ ұлттық құрамалардың оқу-жаттығу жиындарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалған. Ескек есу арнасының тағы бір ерекшелігі табиғи су көзі жоқ аумақта салынған әлемдегі санаулы бірегей нысандардың қатарында болуы. Бұл инженерлік шешімдер мен заманауи технологиялардың тиімді қолданылғанын көрсетеді.

Азия чемпионатының Түркістанда өтуі – өңірдің халықаралық спорт ұйымдары тарапынан жоғары бағаланғанының айқын көрінісі. Сонымен қатар бұл жарыс Түркістанның халықаралық ынтымақтастықты нығайтатын, жастар арасындағы достық пен өзара түсіністікті дамытатын маңызды диалог алаңына айналып келе жатқанын көрсетеді.

## СЕРПІН

6 MAUCЫM 2026 | СЕНБІ

Балқаш қаласы бүгінде туризмге ерекше бет бұрған.

Осы саланы дамыту мақсатында Қарағанды облысында бірнеше жоба қолға алынған. Бүгінде меймандарды қарсы алу үшін Қарқаралы, Балқаш қаласы және Ақтоғай ауданына қарасты Шабанбай би ауылдарына басымдық беріліп отыр. Осы нысандардың бастысы Балқаш қаласына сапарлап қайттық.

**А** **Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,**  
Қарағанды облысы

**ҰШАҚТЫ ҚҰШАҚ  
ЖАЯ ҚАРСЫ АЛДЫ**

Алдымен жаңартылған Балқаш әуежайына бас сұқтық. 1 маусымда Астана мен Алматыдан алғашқы рейстерді қабылдады.

Бүгінде ауқымды қайта жөндеуден кейін әуе айлағы жолаушылар үшін қайта ашылды және Қарағанды облысының курорттық аймағына туристердің өсіп келе жатқан ағынын қабылдауға дайын.

— Әуежайды жаңғырту Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүргізілді. Қаражаттың 90 пайызы республикалық бюджеттен бөлінді, оның бір бөлігі — қайтарылған активтер, — деді көлік және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мақсат Мұқашев.

Екі жарым жыл ішінде мұнда әуеайлақ инфрақұрылымы толығымен жаңартылды: рульдеу жолы мен перрон қайта жаңартылды, арнайы көлік қызметінің ғимараты салынды, он бірлік заманауи әуеайлақ техникасы сатып алынды. Аэровокзалда да үлкен өзгерістер бар.

— 1960 жылдардағы ғимарат өте әдемі сәулетпен салынған. Біздің басты міндетіміз — оның тарихи келбетін сақтап қалу және сонымен бірге ішкі жайларын толық жаңғырту. Енді әуежай заманауи талаптарға жауап береді, — деп атап өтті Мақсат Мұқашев.

**ТОРАНҒАЛЫҚ  
КУРОРТТЫҚ КЕНТ**

Балқаштың курорттық аймағындағы ең танымал жағажайлардың бірі — Торанғалық кентіндегі орталық пирсті абаттандыру жұмыстары аяқталуға жақын. Жақын уақытта мұнда жаңа серуендеу аумақтары, фотозона аймақтар, заманауи жарықтандыру жүйелері және суға түсуге қолайлы өткелдер пайда болады. Мұның бәрі жайлы демалыс атмосферасын қалыптастырып, туристерді шетелге емес, бірегей Балқаш көлінің жағалауына жиі келуге ынталандырады.

Ауқымды абаттандыру жұмыстары бүкіл жағалауды қамтиды. Атап айтқанда, Шұбартүбек және Торанғалық курорттық кенттері, Барковское ауданы мен қалалық жағажай жаңартылуда.

Негізгі назар демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және заманауи туристік инфрақұрылымды дамытуға аударылған.

Жағалау бойына бейнебақылау жүйелері орнатылып, жарықтандыру жаңғыртылуда және қоғамдық кеңістіктер абаттандырылуда. Барлық жағажайда құтқарушылар кезекшілік атқарады.

Торанғалық пен Шұбартүбекте олар үшін бақылау мұнараларымен жабдықталған арнайы капсулалар салынып, құтқару қайықтарын суға түсіруге арналған өткелдер жасалған.

— Қауіпсіз демалысты қамтамасыз ету үшін акватория заманауи қалқымалы белгілермен бөлінеді. Оларды Торанғалықтағы жергілікті кәсіпкер шығарады. Енді пластик бөтелкелер мен таспалардың орнына барлығы бірыңғай стильде рәсімделеді. Суға шомылуға арналған

# Балқаш ТУРИЗМ ҚАЛАСЫ

аймақтар мен катерлер және гидроциклдердің қозғалыс дәлелдері нақты белгіленеді. Шомылуға рұқсат етілген және тыйым салынған орындар мәслихат шешімімен бекітілген, — деді Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев.

Өткен жылы Бертис шығанағы аумағында, сондай-ақ Торанғалық пен Шұбартүбекте 13 санитарлық-гигиеналық торап орнатылды. Маусым басталғанға дейін жағажайларға апаратын жолдарда қосымша дәретханалар, душ кабиналары, киім ауыстыратын орындар және коқыс жинауға арналған контейнерлік алаңдар орналастырылады.

Байланыс сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстар да жал-

аяқталады, — деп атап өтті Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев.

**КӨПСАЛАЛЫ АУРУХАНА  
ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ**

Балқаш көпсалалы ауруханасын ауқымды жаңғырту аяқталды. Барлық жұмыс Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қайтарылған активтер есебінен жүргізілді. Балқаш, Приозерск, Саяк, Шет және Ақтоғай аудандарының тұрғындарына қызмет көрсететін медициналық мекеме пациенттерді диагностикалау және емдеу үшін жаңа мүмкіндіктерге ие болды.

Стационар 340 төсекке есептелген және барлық бейінді бөлім-

кейін уролог, хирург және терапевтерді қоса алғанда, тағы да бірнеше мамандар келеді деп күтілуде.

**BALKHASHTOURFEST  
ШАҚЫРАДЫ**

Фестиваль 19 және 20 маусымда дәстүрлі жерде — Ақшағыл кентінде, Рембаза аумағында өтеді. Былтыр оған 50 мыңнан астам адам келген. Биылғы маусымда ұйымдастырушылар рекордтан асады деп күтуде.

— Біз төртінші жыл қатарынан Balkhash Tour Fest өткізудеміз. Бұл жағажай туризмін дамытатын және Балқаш өңірінің тартымдылығын арттыратын зәкірлі жоба. Жыл сайын қатысушылар саны артып келеді. Былтыр фестиваль 50 мыңнан астам адамды жинады, биыл одан да көп қонақ келеді деп күтілуде. Бұдан басқа, Balkhash Tour Fest республикалық оқиғалар күнтізбесіне енді, — деп атап өтті Қарағанды облысы Туризм басқармасының басшысы Ирина Любарская.

Биылғы жылдың басты жаңалығы — фестиваль алаңы жаз бойы жұмыс істейді. Демалыс күндері мұнда және Балқаш қаласының мәдени алаңдарында концерттер, спорттық жарыстар және демалушыларға арналған ойын-сауық іс-шаралары өтеді.

Ұйымдастырушылар мазмұнды бағдарлама дайындайды. Танымал қазақстандық өртістер Miras Zhugunussov, AYAU, Bellucci, Domino, Nurlan & Murat және Qazaq Band өнер көрсетеді. Фестиваль аумағында шығармашылық және спорттық аймақтар, фудкорттар, колөнершілер жәрмеңкесі, ашық аспан астындағы кинотеатр және отбасылық демалыс алаңдары ашылады.

— Кіреберісте қонақтарды интерактивті LED-арка қарсы алады. Бағдарламада сондай-ақ көбік су шашу кештері, яркокросс, су такси, PikeMan жарыстары, жасанды интеллект және крафт ойындары бар. Экологияға және қалдықтарды өңдеуге ерекше

назар аударамыз. Стритбаскетболдан, панна-футболдан және би батлынан турнирлер жалғасады. Олардың бірінің жеңімпазы көше билерінің халықаралық фестивалінде Қазақстанды таныстыру мүмкіндігіне ие болады, — деді Balkhash Tour Fest ұйымдастырушысы Ренат Алманов.

**ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚ  
АШЫЛДЫ**

Балқаш жағалауында туристік жобаларды жүзеге асыру үшін 14 гектар индустриалды аймақ ашылды. Инвесторларға инженерлік коммуникациялары бар жер телімдері ұсынылады, бұл нысандарды салу мерзімін айтарлықтай қысқартуға және оларды қосу шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Жоба Қазақстан Премьер-министрі Олжас Бектеновтің тапсырмасын орындау шеңберінде іске асырылды және Қарағанды облысының туристік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

Жаңа алаңның басты артықшылығы — дайын инженерлік инфрақұрылым. Мемлекет сумен жабдықтау, кәріз және жылумен жабдықтау желілері учаскелерінің шекараларына жеткізуді қамтамасыз етеді. Кәсіпкерлердің оларға қосылып, құрылысқа кірісуі ғана қалады.

Индустриалық аймақтың бірінші резиденті «Әділ-құрылыс» корпорациясы болды. Компания Premium Villa Balkhash туристік кешенін салу үшін төрт гектар жерді жалға алды.

— Индустриалық аймақ — бұл мемлекеттің қолдауы есебінен бизнес үшін өте қолайлы жұмыс форматы. Балқашта демалысты заманауи әрі жайлы ету үшін қала басшылығымен тығыз тандемде жұмыс істейміз, — деді инвестор Жақсыкелді Иманбеков.

Кешен орналастырудың екі форматын біріктіреді: еуропалық стильдегі 23 барнхаус және ұлттық колоритті әуесқойлар үшін 21 киіз үй. Жобаның ерекшелігі оның жыл бойғы жұмысында. Барнхаустар қонақтарды жазда да, қыста да қабылдайды, ал 12 үй сауналармен жабдықталады.

Әрбір вила бассейндері бар жеке аумаққа ие болады.

Бұдан басқа, кешен аумағында ортақ бассейн, волейбол мен баскетболға арналған спорт алаңдары, іс-шаралар өткізуге арналған сахна мен асханасы ашық мейрамханалар салу жоспарлануда.

Тағы екі бастама бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Индустриалық аймақтың қалған 6 гектарына да жаңа инвесторларды қабылдауға дайын.

— Инженерлік инфрақұрылым — жобаның ең шығынды бөлігі. Мемлекет кәсіпкерлерге коммуникация жүргізіп, қолайлы жағдай жасайды, оның орнына бүгінгі күннің шындығына сәйкес келетін жана инвестициялық жобалар, жұмыс орындары мен тарту нүктелерін алады, — деді туризм басқармасының басшысы Ирина Любарская.

Балқашқа деген қызығушылық жыл сайын артып келеді. Жаңартылған жағажай, заманауи инфрақұрылым және қауіпсіздік мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі — оны Қазақстандағы ішкі туризмнің ең әлеуетті бағыттарының біріне айналдырады. Өткен маусымның өзінде курорттық аймаққа 67 мыңнан астам адам келген. Ал биыл әуе қатынасының іске қосылуына байланысты туристер саны бұдан да көп болуға тиіс.



ғасуда. Балқаш бағыты бойынша 16 антенналық-дінгекті құрылым мен бір базалық станция орнату жоспарланып отыр.

Туристер мен қала тұрғындарының сүйікті демалыс орындарының бірі — жағалау да жаңартылды. Бүгінде бұл балалар және спорт алаңдары, веложолдар мен отбасылық демалыс аймақтары бар заманауи серуендеу кеңістігіне айналды.

Сонымен қатар Бертис шығанағын санациялау жұмыстары жалғасуда.

— Өткен жылдың күзінен бері Бертис шығанағын санациялау жұмыстары жүргізілуде. Акватория тазартылып, заңсыз пирстер, қамыс копарлары мен лайланған учаскелер алынып жатыр. Мердігер ұйым қазан айына дейін жағалау сызығынан 200 метрге дейінгі тереңдікте шамамен үш шақырым акваторияны тазартуды жоспарлап отыр. Осы жұмыстар аяқталғаннан кейін жағалауды абаттандыру толық

«Күлкінің жеңбейтін  
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» – ара болады,  
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Дубәніров

«Күле білу – өмір,  
күлдіре білу – өнер,  
күлкі болу – өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы

# АРА



6.06.2026ж

«Айқынның»  
сатиралық қосымшасы

## «ЧАС ПИК» ӨЛІМ ҚАЛЫПТЫ

Бұл оқиға сонау 90-шы жылдардың бас кезінде мәскеулік белгілі тележурналист, «Час пик» хабарын жүргізуші Влад Листьевті өз үйінің жертөлесінде белгісіз қарақшылар атып өлтіріп кеткен кезде болған. Кеш мезгілі, үйде кітап оқып отырғанымда, сабақтан келген төртінші сыныптағы қызым сумкасын лақтырып жіберіп:

– Апа, естідіңіз бе? «Час пик» өлім қалыпты, – деді есіктен кірер-кірмес. Күндізгі күйбең тіршіліктен шаршап жатқан шешем жастықтан басын жұлқып алып:

– Қашан өліп қалыпты?.. – деді. Мен осы әңгімені естіген сайын еріксіз езу тартамын. Қызымның «Час пик» өліп қапты дегенін шешем байғұс Тасбике өліп қапты деп естіген екен. Шешемнің Тасбике деген жеңгесі болатын.

– Қашан өліпті? – деп қайталап сұрады.

– Кеше.

– Неден қайтыс болыпты, бишара?

– Білмеймін, әйтеуір үйінде атып өлтіріп кетіпті!

– дейді қызым. Бірақ ол Тасбике емес, «Час пик» Влад Листьев туралы айтып жатыр. Шешем болса, жеңгесіне жанашырлық танытып:



– Ой-бай, онда ол мал ұрлап жүргендерге кездесіп қалған шығар?, – деп қызымнан сұрап қояды.

– Кім өлтіргенін ешкім білмейді.

– Қашан жерлейтін болыпты?

– Бес күннен соң. Шынында да, Влад Листьевті бес күн өткен соң жерледі. Барлық телеарна хабары тоқтатылып, марқұмның суретін эфирде көрсетіп, қаралы музыка ойнап тұрды.

– Әй, олардың дені сау емес шығар! Бес күнің не? Марқұм сасып кетпей ме?


– Білмеймін, қазір өзін теледидардан көрсетейін деп жатыр ғой, – дейді қызым асықпай.

– Ұрылар атып өлтірген қатынды неменеге теледидардан көрсетеді? – деп шешем ашуланып жүр. Қызым барып теледидарды қосып еді, марқұм Влад Листьевтің кара лентамен байланған суретін көрсете бастады. Денені шымырлатар қаралы әуен ойнап тұр.

– Міне, өлген осы «Час пик». Сол кезде барып шешем өлген Тасбике емес екенін көріп, көңілі орнына түскендей болды. Мұздай судан бір-екі ұрттап алған соң ашуланып қызыма ұрса бастады...

Мен болсам күлкіден бас көтере алмаймын. Сонан бері қаншама уақыт өтсе де, осы «Час пик» оқиғасы есіме түссе, еріксіз бір күліп аламын.

## «ӨЛІ ЖАНДАР»



Бұл орыстың ұлы жазушыларының бірі Николай Гогольдің «Өлі жандары» емес. Бірақ одан бір мысқал да кем емес. «Мертвые души» романында XIX ғасырда орыс қоғамының бетбейнесі әшкереле болады емес пе? Бас кейіпкер Чичиков жер иеленуші Маниловка барып, қарамағындағы қартайып, не ауырып қайтыс болған шаруаларды ресми түрде өзінің атына жаздыруын өтінеді. Өтініші орындалса, о дүниелік болған әр шаруа үшін ақы төлеп, сатып алатынын, сонымен бірге өлілер үшін мемлекетке салық төлеуді де мойнына алатынын айтады. Бұрын мұндай сұмдықты естімеген Манилов мас болмаса да маужырап қалады. Өйткені бұдан оған да пайда келетін еді. Осылайша, ол да былыққа белшесінен батады. Чичиков мұнымен де тоқтамайды. Коробоцка деген жер иеленуші кемпірді де уысына түсіреді.

Сол Чичиковтың сыбайластары Шымкенттен шыққаны жұртшылықты таңғалдырмаса керек. Өйткені «Не шыкса да Шымкенттен шығады» дейтін Шымкент қой бұл. Жакында Қаржылық мониторинг агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті білім беру саласына бөлінген бюджет қаржысын жымқыру бойынша тергеп-тексеруді аяқтады. 2018-2023 жылдар аралығында «Оңтүстік Қазақстан жоғары медициналық колледжі» ЖШС мен «Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық-қаржы колледжі» ЖШС-сын тексергенде, басшылары-

ның оқу орындарының төбесін де көрмеген «студенттерді» қабылдағаны анықталған. Бұл қылмыстық схемаға колледж басшылары, бухгалтерлер, сонымен қатар салаға қатысы бар басқа да адамдардың араласқаны белгілі болды. Енді оқуға жалған қабылданған «студенттердің» іс жүзінде білім алмайтыны бесенеден белгілі ғой.

Мемлекеттің білім беру тапсырысы және кадрларды қайта даярлау бағдарламалары бар. Осы бағдарламалар екі колледжде де бюджеттен қаржы алуға мүмкіндік ашқан. Сонда бар, сапада жоқ студенттерді оқуға қабылдап, тіпті оларды жұмысқа орналастырып та жіберген. Құжаттарды растау үшін электрондық цифрлық қолтаңбалар пайдаланған. Мұнымен де шектелмей, орындалған жұмыстар жөнінде жалған актілер толтырылған. Сондай-ақ медициналық колледждің ақылы бөлімінде оқыған студенттердің бір бөлігі мемлекет есебінен білім алушылар ретінде рәсімделген. Сонда жалаңақ студенттерден оқу ақысына ақша алып, олардың грантпен

оқып жатқандарын жасырған болып шығады ғой.

«Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық-қаржы колледжі» жұмыс істемеген адамдарға да айлық енбекақы төлеп келген көрінеді. Екі колледж, осылайша, мемлекетке 1,3 миллиард теңге залал келтірген.

Тағы бір таңырқатарлығы, бұған дейін жымқыру фактісі бойынша түрмеде үш жыл отырған адамның осы іске қатыстылығы. Барлық схеманы ол түрмеде отырып басқарған. Япырай десеңші, оның түрмеде отырғаны қандай абзал болған десеңші. Егер бостандықта жүрсе, мемлекеттің қаржысын бұдан да тереңірек теспей сорады екен-ау.

Тергеу барысында күдіктілер мемлекетке келген залал 65 миллион теңгені ерікті түрде өтеген. Олардың Дубай қаласында пәтері, бұдан тыс 3 тұрғын үйі, 3 автокөлігі бар болып шықты. Сот санкциясымен бұл меншіктерді пайдалануға тыйым салынды.

Қазір екі күдікті уақытша ұстау абақтысында отыр. Үш күдіктіге ешқандай кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылды. Бүгінде айласын асырғандар мен жымқырғандарын жасырғандардың ісі сот қарауына түсті.

О, тоба! Түрмеде отырып, жымқыруды ұйымдастырған азамат осыған дейін екі рет алаяқтық бабымен түрмеде отырып шыққан көрінеді. Соңғы рет Шымкенттегі жекеменшік мектебінде «өлі жандар» арқылы қаржы жегені үшін істі болған.

Қызық! Түрмеде отырған қылмыскердің өзін арқа тұтып, мемлекет қаржысына сұғына қол сұққандар нені ойлады екен? Тағы бір қызығы, осыншама қаржы ұрланып жатқанда бақылаушы, қадағалаушы органдар қайда қарап отырған?

Ендігі «өлі жандардың» қай жерден жылт етіп шығатынын болжай алмай отырмыз.

С.ОЛЖАБАЙ





## ЖЕР САТЫЛМАЙДЫ

(ӘЗІЛ ӘҢГІМЕ)

Жердің жалға берілуіне мораторий жарияланған күні көршілерім кеш бата сау етіп үйге жетіп келді.

— Ал көрші, құтты болсын жумаймыз ба?

— Нені?

— Жерді.

— Менде жер бар ма? — дедім.

— Ту, неге далаға лағып тұрсың?

— Рас айтамын, жоқ.

— Жер сатылмайтын болды деймін. Жалға да берілмейді.

— Кім айтты?

— Теледидардан сөйледі. Жерді сатып жіберетін болсақ бізді нан ұрсын, қатын болып кетейік, — деп уәде берді.

— Уәдеге тоймайды екенсіндер. Әй, сендер, жүз грамм ішуге сылтау тапқышындар ғой, — деп бір бөтелкені ортаға қойдым. Біздің қатын сол жақсы жаңалықты теледидардан жаңа естіп мәз болып отыр еді. Мыналарды көріп қабағы тырысып қалды.

— Немене, үкімет бірдеңе десе осында келіп жуасындар ма? — деді де, жатын бөлмесіне барып жатып қалды. Ол жер туралы әңгіме қозғалғаннан бері жүйкесі жыбырлап жүр. Намысы бес еркекке татиды. Содан көршілерім түн ортасына дейін, қуаныштарын тілек айтып жуды. Бір-бірін құшақтап беттерінен сүйді. «Қазақтың жері үшін алып қояйық, алып қояйық!» — деп, ақыры бес бөтелкені тауысты.

Түн ортасында үйлеріне қайтты. Мен шала мас күйіме төсекке жете алмай, ас бөлмеде отырған жерімде құладым. Көзім бірден ілініп, терең ұйқыға кеттім. Түс көріп жатырмын. Түсімде менің денемді биттер жалға алыпты. Бастың кара биті тас төбемдегі қалың шашымды ұстарамен сыпырып тастап, шылым шығартын шөп егіпті. Балтырдағы сары биттер мұрныма мұнай өндіретін қондырғы орнатып бұрғылап жатыр.

Қан соратын биттің туыстары көп қой, жақын тумасы қандала қарнымды жалға алып, сыра ашытатын зауыт салыпты. Ал бүрге құйрық жақтан тынайтықш өндіретін химиялық өнеркәсіп ашып қойыпты. Тойымсыз маса қанымды арнайы түтікшемен сорып, бөшекелерге құйып жатыр.

Табанымды тарақандар тартып алыпты. Ешқайда аяқ бастырмайды. Көзіме көк шыбындар үймелепті. Әйтеуір, денімнің сау жері жоқ. Құрт-құмырсқа, шыбын-шіркей қаптап кетіпті. Ал мен болсам, төбемнен біреу кара таспен бастырып қойғандай қимылдауға шамам жоқ, ыңырысып тонқайып жатырмын.

Бір кезде биттің туған баласы сірке аузымды керіп қойып, қызыл тілімді түбінен қысқышпен жұлып алғысы келді. Айқайлауға шама келмей бар күшімді салып орнымнан ұшып тұрып, суға

карай жүгірдім. Қырдың басынан секіріп өзенге қойып кеттім. Құлаштап жүзіп жүрмін. Анданда үйрек құсап, судың түбіне сүңгіп кетемін. Денемдегі барлық қан сорғыш суға тұншығып, жан-жаққа тырқырай қашты. Рахаттанып қалдым. Бір кезде біреу шапалақпен салып жіберді. Шошып ояндым. Сөйтсем, «өзенге секірдім» деп, төсекте жатқан әйелімнің үстіне қарғып мініп, «сүңгідім» деп, көрпесіне кіріп кетіппін.

— Қайыршы, осы сен ішімдік ішіп алсаң ұйқы сұрайсың. Зәремді алдың ғой, — деді. Бажылдап ұрысып жатыр. Өзенде қатты малтығаным сонша, әйелімнің іш көйлегіне оранып қалған екенмін.

— Қатын, түс көрдім.

— Қойшы, сенің түсің таусылмайды екен. Не көрдің?

— Түсімде тонқайып жатырмын. Менің дене мүшемді қан сорғыш жәндіктер жалға алыпты. — Онда жетіскен екенсің. Аузына арақ тисе жатысың сол ғой. Түсінде қасында мен болғанда, құйрығыңнан жақсылып бір тебер едім, — деп төсектен итеріп жіберді. Диваннан жерге құлап түстім.

— Сен түсімді аяғына дейін тындамадың, мейлі, мен жақсы түс көрдім, — дедім де, қайтадан қор ете қалдым...

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

## СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

Акима апайдың оқу жылы аяқталып келе жатқанда қатты мазасызданатыны бар. Бұл шәкірттерін қимағандығынан емес. Түлектерден түсетін тиын-тебен мен сый-сияпаттың түр-түрін елестетіп, ұйқысының ұйқы-тұйқысы шығады. Ауыр күрсініп, мектепте күні бойы тұнжырап жүреді. Әріптестерінен сыр тартып, түлектердің сынып жетекшілеріне сый-сияпат жасауға әрекеттерінің бар-жоғына барлау жасайды. Жақсы хабар шықса, жадырап қалады.

Сол күні жетекшілігіндегі сыныптың бір оқушысы кездесіп қалды. Қасында анасы бар.

— Апай! Сәлеметсіз бе?

— Ой, айналайын! Қалайсың? Не жаңалық? — деп елп ете қалды.

— Жаңалық сол, биыл ұстаздарымызға гүл тапсырайық деп жатырмыз.

— Гүлі несі? Бір күнге де жетпей солып қалатын гүл кімге керек? Одан да еске алып жүретіндей сыйлық ойластырмайсындар ма?

— Мәселен?

— Мәселен, алтын алка, алтын сырға дегендей...

— Мен ата-аналармен ақылдасып көрейін. Расында, ойланып тірлік екен, — деді оқушы қыздың анасы.

Арада бірнеше күн өткенде, ата-аналар Акимаға келді.

— Апай! Біз де бұрынғы ата-аналардың ізімен сізге сыйлық жасамақ едік. Не қалауыңыз бар?

— Айналайындарым сол! «Сыйға берген аттың тісіне қарама» дейді ғой бұрынғылар. Қалауларың білсін, — деп арқаны кеңге салғандай болды.

Ата-аналар, қамқоршылық кеңесі тырашанды. Ата-аналарынан тенге жинала бастады. Олар келіп, Ақиманың сыр сандығын ақтарып көрді. Акима көптен бері алтын алқаға қол жеткізе алмай, әріптестері алдында жерге кіріп кетердей ұялып жүр екен. Бұл ата-аналардың да жүректерін дір еткізді. Бар-

лығы ақылдасып арман болған алқаны алып беруге уәделесті.

Соңғы қоңырау болатын күнді Акима асыға күтті. Ол да сағындырып жетті. Міне, мектептің алды құлпырып тұр. Әсем әуен әуелей түсіп, бойға ерекше бір шымыр құяды. Әншейінде, білім ұясына қалаған киімдерімен келетін түлектер, бүгін ерекше кейіпке еніпті. Барлығы бірдей мектеп формасымен жарасып жүр.

Мектеп директоры соңғы қоңырау салтанатымен құттықтап, мерекені ашып берді. Сол-ақ екен, думан қызып жүре берді. «Мектепті қашан бітірер екенбіз. Осы ағайлар мен апайлар-ақ шаршатып бітті» деп жүретін тентектер мектепті жүдә қимай тұрғандай салмақтана қалыпты. Қыздар жылағансып, көздерін сүрткіштейді. Салтанат қорытындысында мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне десте-десте гүл сыйланды. Олар бұл құрметке кәдімгідей көңілдері босап, көздеріне жас алып қалды.

Акима апайдың өтінішімен оған гүлмен бірге алтын алқа сыйлануға тиіс еді. Барлығы ойлана келе алтын алқаны сырт көзден тысқары гүл арасына салып тапсыру жоспарланған болатын. Бірақ бұл қырсық дегенді қойсаңшы. Біреуі әдейі бос сала салған ба, апайға гүл тапсырыла бергенде арасынан сыңғыр етіп, алтын алқа домалап түсті. Жұрт аңтарылып қалды. Алтын алқа жерде жарқырап жатыр. Ал Акима апай оны жерден көтеріп аларын да, алмасын да білмей абдырап тұр.

Жұрт дабырласып кетті. Гу-гу әңгіме үреді. Апай сасқалақтап: — Жаратқан беремін десе осылай да бере салады. Ойламаған жерден алқалы болдым, — деп еңкейіп сыйлығын алып жатты.

— Иә, Жаратқан берді. Жылатқан алды, — деп мысқылдады Серік.

Тіліңе шешек шыққыр -ай! Әжептеуір ұстаз еді. Ал не болды енді?

Сабырбек ОЛЖАБАЙ



## КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАТЫНАТАР ЖАҚЫЛТІЛАШ

Ат жемейтін,  
Аңы шоптің  
Шықпағанын,  
Шықпағаны жақсы ма?  
Шықпағанын  
Шықпағы жақсы ма?

Домбай мен Омбай  
Дойбы ойлады.  
Омбай оңбай ұтылып,  
Оңбайлады.

Оңбайлаған  
Оңбайға  
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,  
Ұйна-тұйна,  
Салдыр-салақ,  
Бұл кім?  
Кеп тұр құрақ.

Жып-жисақы,  
Тап-таза,

Түн-түз,  
Бұл кім?  
Ұқыпты болуға ұмтыл!

Мамам  
Банам берді.  
Бананды маған бермей,  
Оған берді.  
Оған бермесе,  
Оңбайлап дау іздейді.  
Бананың қазақшасын  
«Мәуі» дейді.

Табанымнан  
Тік тұрдым.  
Ботқаны отқа қойып  
Бұқтырдым.  
Бұқтырып қойған ботқам  
Бытбырық боп,  
Түбі күйді.  
Әбігерге түсіп  
Әрі-бері жүрді де,  
Дәрігерге  
«Дәрі бер!» деді.  
Дәрігер дәрі берін,  
Бәрін емдеді.



6 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Қазір технологияның қарқынды дамыған кезінде баланың кітапқа деген құмарлығын арттыру, рухани тәрбиені күшейту мәселесі ерекше маңызға ие болып тұр. Осы тұста балалар әдебиетіне өзіндік үлесін қосып жүрген қаламгердің бірі – Айбек Қосан. Жақында оның «Алтыннан да қымбат достық» атты балаларға арналған тұңғыш жаңа кітабы жарық көрді. Автор ертегі арқылы жас оқырманға түсінікті тілмен өмірлік құндылықтарды дәріптеп, жақсылық пен жамандықтың аражігін ажыратуға жетелейді.

## ЕРТЕГІДЕГІ

### ізгілік



Бұл кітапта әрбір оқиға, әрбір кейіпкер белгілі бір тәрбиелік идеяны жеткізуге бағытталған. Автордың басты мақсаты – бала бойына мейірім, адалдық, достық, жауапкершілік, сенім сияқты адамгершілік қасиеттерді сіңіру. Шығармадағы кейіпкерлер де жай ғана фантазиялық образ емес, олар қоғамдағы мінез-құлықтардың символдық көрінісі ретінде берілген. Мәселен, парасат пен сабырлықтың бейнесі ретінде Үкі алынған. Ол әрқашан ойлануға сөйлейтін, дұрыс шешім қабылдауға ұмтылатын кейіпкер ретінде суреттеледі. Бабасынан қалған аманатқа адал, алайда сол құнды затын жоғалтқан кезде оның да ішкі әлемінде арпалыс басталады. Автор бұл кейіпкер арқылы балаларға салықалы тұлғалардың өзі де қиын сәтте уайымға берілетінін көрсеткен. Ал еңбеккер, бірақ кейде аңғал Тиін – өмірде жиі кездесетін қарапайым, адал адамның бейнесі. Оның басты қателігі сыр сактай алмауында. Тиін кейіпкері арқылы кішкентай оқырмандарға сенімді ақтаудың және достыққа берік болудың маңызы түсіндірілетін болса, пайдасыз күнемдікті көрсететін Сауысқан, ол тек өз пайдасын ойлайтын мінезді ашады. Сауысқан жылтыраққа құмар, өзгенің дүниесіне көз алартатын жағымсыз кейіпкер. Бұл – өмірде олжасын оңай іздейтін адамдардың прототипі. Ал әділдіктің символы Тоқылдақ кез келген

жағдайда шындықты қорғауға тырысатын бейне ретінде алынған. Кез келген даулы мәселеде шешімді ашу үстінде емес, сауаттылықпен, тәртіпке сүйеніп шешу керектігін дәлелдейтін тұлға.

«Бұл атауды таңдауымның өзіндік үлкен себебі бар. Қазіргі прагматикалық, материалдық құндылықтар алдыңғы орынға шыққан заманда балаларға шынайы байлықтың не екенін ұғындырғым келді. Атаудың астарында «дүние өткінші, ал достық мәңгілік» деген өмірлік философия жатыр. Алтын сағат қанша жерден бағалы жәдігер болса да, ол сенім мен кешірімнің жанында түкке тұрмайтынын баланың санасына егуді мақсат еттім. Қазіргі бәсекеге толы әлемде балаларымызға жетіспейтіні де осы мейірім мен шынайылық. Ал кейіпкерлерді таңдауда кездейсоқтық жоқ. Олардың әрқайсысы қоғамдағы нақты мінездердің бейнесі», – дейді автор.

Кітаптың дүниеге келу тарихы да ерекше. Бұл үлкен жоспардан емес, қарапайым әкелік қамқорлықтан басталған. Автор қызына ұйықтар алдында ертегі айтып беру барысында жаңа оқиғалар мен кейіпкерлерді ойлап таба бастаған.

«Қызыма ұйықтар алдында қазақ тілінде сапалы, мағыналы әрі тағылымы мол оқиға айтып бергім келді. Оған ертегіні құрастырып айтып жатқан кезде оның көзіндегі ұшқынды, кейіп-

керлерге деген жанашырлықты байқадым. Ол Тиіннің аңғалдығына уайымдап, адамдардың кесірінен ластанған Бұлақтың халіне шын жүректен мұнайды. Баланың тап-таза санасы оқиғаны өте терең қабылдап жатқанын көрдім. Міне, дәл сол сәтте бұл оқиға тек менің отбасымның аясында қалып қоймауға тиіс екенін ұқтым», – дейді автор.

Қазіргі технология дәуірінде балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру да күрделі мәселеге айналып отыр. Телефон мен түрлі ойын баланың назарын өзіне тартып тұрған заманда кітаппен бәсекелесу үшін ескі тәсілдер жеткіліксіз. Ең алдымен, кітап оқу процесс ретінде ұсынылуы керек. Бұл жерде отбасының рөлі ерекше. Егер бала үйде кітап оқуды көрмесе, оны талаппен сіңіру қиын.

Бүгінгі балалар ақпаратты жылдам қабылдайтын, визуалды ойлауы басым буын. Сондықтан кітаптың мазмұнымен қатар оның безендірілуі, дизайны, динамикасы да маңызды. Заманауи форматтағы, тартымды көркемделген кітаптар ғана гаджеттермен бәсекеге түсе алады. Баланың таңдау еркіндігін шектеу де дұрыс емес. Егер ол фэнтези, детектив немесе ғылыми бағыттағы қазақ тіліндегі кітаптарды оқығысы келсе, оған мүмкіндік беру қажет. Балалар әдебиеті тек тәрбиелік емес, сонымен бірге қызықты контент болуға тиіс.

Айбек Қосанның шығармаларының халықаралық деңгейде мойындалуы да қазақ балалар әдебиетінің дамып келе жатқанын көрсетеді. Болонья балалар кітап жәрмеңкесінде кітаптың көркемделуі мен мұқаба дизайнына берілген жоғары баға – отандық өнімнің әлемдік стандартқа сай бола алатынын дәлелдеген маңызды жетістік. Автордың айтуынша, жобаның жоғары эстетикалық деңгейде деп танылуы – қазақ балалар әдебиеті көркемдеу өнерінің жаңа белеске көтеріліп келе жатқанының айқын көрінісі. Бұл оларға қанат бітіріп, отандық өнімнің халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті бола алатынына үлкен сенім ұялатады. Еңбек тек ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп қана қоймай, ғаламдық эстетикалық талаптарға да толық жауап бере алатынын көрсетіп отыр. Дегенмен қоғамда кітапқа деген көзқарас әлі де алаңдатады. Кей ата-аналардың рухани құндылықтан гөрі көңіл көтеретін дүниелерге басымық беруі, баланың кітапқа қызығушылығына әсер етеді. Сондықтан ең алдымен отбасындағы кітап оқу мәдениетін қалыптастыру маңызды.

Балалар әдебиетінің дамуы – тек қаламгер еңбегі емес, тұтас қоғамның рухани жауапкершілігі. Кітап баланың қиялын дамытып қана қоймай, оның адамдық болмысын қалыптастыратын маңызды құрал.

Ақтілек МЕРЕКЕ,  
ЕҰУ 3-курс студенті

## ҚАЗАҚША КОНТЕНТТІҢ жаңа дәуірі

Астанадағы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының кеңсесінде OpenAI компаниясы өкілдерінің қатысуымен кездесу өтті. Жиында қазақ тілін цифрлық кеңістікте дамытуға бағытталған бірлескен жобаның іске асу барысы мен алғашқы нәтижелері таныстырылды.

Кездесуде қатысушылардың назарына көлемі 10 миллиардтан астам токеннен тұратын қазақ тілінің мәтіндік корпусы, 10 мың сағаттан асатын дыбыстық деректер қоры және үлкен тіл модельдерін бағалауға арналған AI Evaluation Benchmark Suite жинағы ұсынылды. Аукымды бастама былтыр 7 қарашада Вашингтонда Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы мен OpenAI арасында жасалған келісім аясында жүзеге асып жатыр. Жобаның басты мақсаты – сапалы цифрлық контент пен сенімді деректер қорын қалыптастырып, үлкен тіл модельдерінің қазақ тіліндегі жұмыс сапасын арттыру. Бүгінде бастама қазақ тілінің цифрлық экожүйесін дамытуға бағытталған маңызды жобалардың біріне айналды.

Корпусқа қазақ тілінің тарихи даму кезеңдерін көрсететін мазмұнмен қатар, шетелдегі қазақ диаспораларының тілдік мұрасы да енді. Мұнда білім, ғылым, технология, экономика, құқық, медицина, тарих, этнография, медиа және балалар контенті толық қамтылған. Сонымен қатар мәтінді оптикалық тану жүйесі кирилл қарпіндегі қазақша мәтінді 99% дәлдікпен оқи алатынын көрсетті. Күрделі құрылымды беттер мен бағандарды талдауға арналған құжат құрылымын тану жүйесінің де дәлдігі 99%-ға жетті. Екі жүйе де бір мезетте үлкен көлемдегі топтастырылған деректерді өңдей алады. Жасанды интеллект жүйелерінің қазақ тілін меңгеру деңгейін тексеретін арнайы AI Evaluation Benchmark Suite бағалау жүйесі әзірленді.

Бұл жүйе үлкен тіл модельдерін бірнеше негізгі бағыт бойынша сынайды: мәтінді түсіну, грамматика, тілдің табиғилығы, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді қолдану, академиялық аударма, қазақ тілінен ағылшын тіліне аударатын көркем аударма, балалар әдебиетінің аудармасы, қауіпсіздік және этнографиялық білім. Қазір тоғыз бағыттың жетеуі толық дайын, ал Safety және Ethnography бөлімдері бойынша жұмыс аяқталуға жақын.

Қазіргі уақытта қазақ тіліндегі дыбысты мәтінге айналдыру үлгілерінің дәлдігі 92%-дан асады. Дегенмен кейбір ЖИ жүйелерінің қазақ тілін қырғыз, татар, кейде түрік тілімен шатастырып алатын тұстары анықталды.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы тіл модельдерінің қазақша сөйлеу қабілетін тексеретін Automatic Speech Recognition бағалау бенчмаркін жасап жатыр. Ол сөздерді тану дәлдігін, таңбаларды тану дәлдігін және түрлі тақырыпты қамту деңгейін терең бағалауға мүмкіндік береді.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтай Байыржанқызы –  
Алматы қаласы  
Сағхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгул НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Бағи ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4747  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 Б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,